

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№136 (9454)

1954

жылғы

10

июль

Сенбі

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОБЛЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІ СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ИЮНЬ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КҮРЕСІН-
ДЕ: А. Кнор. —Нысанамыз—12 мың центнер. Я. Огий. —Уа-
қытты қысқартып, еңбек өнімділігін арттырамыз. А. Семени-
хина.—Егінді күту ойдарыдай жүргізілуде. Е. Хрущев. —Егін
жыйнауға әзірміз (1-бет).

жыйналысы. Ауылшаруашылық жұмыстарының қарқыны кү-
шейтілсін (2-бет).

Облыс ауыл шаруашылығының жаңалықтары (2-бет).
М. Туровский. —Ялтадағы әдеби ескерткіш (3-бет).

Т. Кәдіров. —Пресновтағы төзгісіз жайбарақаттық. К. Ма-
ғазов. —Тұтынушылардың заңды талаптары. М. Нұржанов.—
Жаңа өнім (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көп берейік

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы колхоздар мен совхоздардың мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар және қазіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылады деп атап көрсетті. Сонымен бірге, партия, совет, ауылшаруашылық органдарының, мал шаруашылығы мамандарының және бүкіл ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына жеміштің берік базасын жасау, мал мен құсты қоралармен қамтамасыз ету, мал санын көбейту, сөйтіп, таяудағы екі-үш жылдың ішінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мықтап арттыру міндетін қойды.

Облысымыздың еңбекшілері бұл міндеттерді орындау жолында жанамай еңбек етіп, едәуір табыстарға ие болып келеді. Көп колхоздар мен совхоздар мал шаруашылығының маман кадрларымен нығайтылды. Жеміш қорының мол жасалуы, мал үшін қора салу жұмысының жақсартылуы, малды күтім-бағуда ғылым мен озат тәжірибелердің табыстары кеңінен қолданылуы нәтижесінде қорамдық мал басының шығын болуы мүлдем кемітілді. Мал шаруашылығының өнімділігі арта түсуіне қолайлы жағдай жасалды. Сөйтіп, соңғы уақытта облыстың озат колхоздары мен совхоздары мемлекетке етті, майды, жүнді, жұмыртқаны мал шаруашылығының басқа да өнімдерін бұрынғыдан анағұрлым көп тапсырды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің дайындау және сатып алу бағаларының артырылуы, 1954 жылдан бастап мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсырудың колхоздар үшін тұрақты гектарлық нормаларының қолданылуы колхоз, совхоздардың мал шаруашылығынан түсетін табыстарын едәуір арттыра түсті. Сонымен қатар, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің шаруашылықтары мемлекетке міндетті түрде тапсыратын мал шаруашылығы өнімдері нормаларының кемітілуінен қосымша табыстарын молайтты.

Мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жолындағы күресті күшейте отырып, көптеген колхоздар мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа тағы басқа мал шаруашы-

етін жіберуден арыла алмай келеді. Осы себепті бұл ауданның колхоздары бойынша мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарларының орындалу барысы өте қанағаттанғысыз.

Мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке сатуды ұйымдастыру жөнінде сауда орындарының қызметкерлері де көп кемшіліктерге жол беріп келеді. Осы уақытқа дейін бірде-бір ауданның дүкендерінде колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің мемлекетке сататын мал шаруашылығы өнімдерін товарландыруға арналған көпшілік қолды товарлар жоқ. Ал, облыстық тұтынушылар қоғамының председатели Писеуков жолдас дүкендерде ауыл шаруашылығы өнімдерін товарландыруға керекті товарлардың болуын ұйымдастыруды ойластырмай келеді. Мұның өзі колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің мал шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік сатып алу орындарына сатып, өздеріне керекті товарларды алуына үлкен кедергі болып отыр.

Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа тапсырудың және сатудың мемлекеттік жоспары облыс бойынша толық орындалмады. Мұның басты себебі аудан басшыларының колхоздардың, совхоздардың, сол сияқты, колхозшылар мен жұмысшылардың міндетті мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарларын орындарынан кейінгі өнімдерді мемлекетке сатып алуды нашар ұйымдастыруынан болды. Мәселен, мемлекетке ет сатып алу жөніндегі жартыжылдық жоспар Булаев ауданында 0,3 процент, Мамлют ауданында 2,3 процент, Преснов ауданында 4,1 процент, Соколов ауданында 4,2 процент ғана орындалды. Сол сияқты, бұл аудандарда мал шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлерін мемлекеттік сатып алу орнына сатуды нашар ұйымдастырды.

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу жөніндегі бұл сияқты өрескел кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Сондықтан да аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері мал шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу жұмысындағы орын алып келген кемшіліктерді шұғыл жолдың шараларын жүзеге асырулары керек. Олар аудандық

Облыс еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресінде

Нысанамыз—12 мың
центнер

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы егінді жыйнауға әзірлік және оны өткізудің басты шараларын көрсетіп берді. Бұл шараларды мұлтікеіз жүзеге асыру ауыл шаруашылығында жаңа табыстарға жете беруімізді қамтамасыз етеді. Міне, сондықтан да мен бұл қаулыны аса қанағаттанғандықпен қарсы алдым.

Егін жыйнауды деркесінде, жоғары сапада өткізу комбайнды жұмысқа мұқият әзірлеуді талап етеді. Тек жоғары сапада жөнделген комбайнмен ғана өнімді еңбек етуге болады. Мұны мен көп жылғы тәжірибелерімнен айқын көріп келемін.

Мәселен, өткен жылы біздің агрегат мүшелері өздерінің қамтуындағы екі «Сталинец-6» комбайнын сапалы жөндеді. Жұмыс үстінде машинаға техникалық күтімді кезінде жасап отырдық. Жұмыс сағаттық график бойынша ұйымдастыру арқылы уақытты өнімді пайдаландық. Сөйтіп, бір маусымда тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен 990 гектар жердің егінін жыйнап, 10.750 центнер астық бастырдық. Бұл жұмыстың есебінен 10 центнер жанар май үнемдедік. Егін жыйнау аяқталғанда комбайндарымыз мастерскойға техникалық жағынан ақаусыз әкелінді.

Өткен жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, комбайнды жөндеуді быйыл да жоғары сапада жүргіздік. Өз агрегатымыздағы екі комбайнды жөндеп болғаннан кейін, сүрленетін дақылдарды орауға бейімделіп қайта жабдықталған комбайндарды жөндеуге көмектестік.

Біздің агрегат мүшелері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы негізінде комбайн агрегатының күндіз тапсырмаларды асыра орындап, астықты көп бастыру жөнінде жарысты өрістету туралы ставропольдіктердің хатымен танысқаннан кейін өздеріне көтерілген міндеттемелер алды. Біз міндеттемізде быйыл тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен 1200 гектар егін жыйнап, 12000 цент-



СУРЕТТЕ: Совет ауданындағы «Колос» колхозында күнбағысты культивациялау. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Уақытты қысқартып, еңбек өнімділігін арттырамыз

Еліміздің еңбекшілері сияқты біздің МТС-тің механизаторлары да СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын зор еңбек өлеуі үстінде қарсы алды. Механизаторлар қаулыға жауап ретінде өздеріне көтерілген міндеттемелер алып, бұл күндері оны орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Быйыл колхоздардың қайсысында болсын егін бітік өсуде. Әресе, тың және тыңайған жерлерге егілген жаздық бидайдың өсуі сондай жақсы. Бітік өскен егінді кезінде ысырапсыз жыйнап алу міндеті біздерге, комбайншыларға жүктеледі. Олар егін жыйнау маусымына сапалы

Алған міндеттемені орындау үшін комбайндардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісу керек. Бұл жөнінде қазірдің өзінде бірқатар шараларды жүзеге асырдық. Екі комбайнның екеуі де қазір сапалы жөнделіп болды. Жөндеу жұмысында қажырлы еңбек етіп, әрбір бөлшектің сапалы жөнделіп, дұрыс құрастырылуына жетістік.

Біздің МТС-тің басшылары әлі де болса комбайншылардың орынды ұсыныстарына кулақ аспайды. Мен екі комбайнның екеуінде де үшінші астық тазартқыштың болуын талап еттім. Егер бұл тілегім орындалған болса, онда комбайндардан

Комбайншылардың Бүкілодақтық жарысы Ставрополь механизаторларының өнегесі бойынша

ГРЕБЕНКА, (Киев облысы). (СОТА). Әрбір комбайн агрегатының тапсырмаларды күн сайын асыра орындап көптеген астық бастыруы жолындағы жарысты өрістетуге шақырған Ставрополь өлкесі комбайншыларының үйдеуін Гребенка МТС-нің механизаторлары мақұлдап қарсы алып, қызу қуатталы.

МТС комбайндарымен быйыл 12,5 мың гектар дәнді егін жыйналуы тиіс. Бұл жұмысты 21 жұмыс күні ішінде аяқтау белгіленді. Гребенка МТС-нің комбайншылары қазір өз мүмкіншіліктерін қайта қарап шығып, масақты дақылдарды 17-18 күннің ішінде жыйнау жөнінде жаңа көтерілген міндеттемелер алды. МТС-тің озат механизаторлары бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетуге ұмтылып отыр.

Шілп келе жатқан егін маңында комбайндар толық әзір тұр. Машиналардың бәрі де сабан шөмегілерімен, дәл тұнқыштармен, жапырылған егінді жыйнауға және егінді аласа орауға қажетті қосымша тетіктермен жабдықталған. Тіркеме комбайндар диекті сыдыра жыртыштармен жабдықталды. Егін жыйнаумен қатар 5 мың гектар аңыз сыдыра жыртқылады. Механизаторлар колхозшылармен бірлесіп отырып, 17 сүйретпе, 15 май үйгіш жасады, бұлар сабан жыйнауды және маялауды механизандыруға мүмкіндік береді.

Әрбір комбайн агрегатының егістің пісіп жетуіне қарай жасалған жұмыс жоспарымен жүру маршруттары бар. Агрегаттардың бәрі сағаттық график бойынша тәулігіне кемінде 18-20 сағат жұмыс істейтін болады. Комбайнда қызмет ету үшін ең тәжірибелі тракторшылар мен колхозшылар бөлінді. Бұлардан астықты комбайн жүріп бара қатқанға ғана түсіру белгіленді.

Комбайндардың тоқтаусыз және мол өнімді жұмыс істеуін, егін жыйнау жұмысының мерзімін қысқартуды қамтамасыз ету үшін аудандық партия комитеті партия және совет активі қатарынан 19 партия ұйымдастырушысын бөледі.

А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толуын

шығын өнімдерін тапсырудың жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Алайда, облысымыздың аудандарын тұтас алғанда мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті түрде тапсырудың және сатудың жартыжылдық жоспарының орындалуы қанағаттанғысыз болып отыр. Жергілікті партия, совет және дайындау органдары мал шаруашылығының өнімдерін дайындау жұмысына басшылық етуді мүлдем босаңсытып алған. Міне, бұл жағдай облыс бойынша мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа тағы басқа мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру және сату жөніндегі белгіленген жартыжылдық жоспардың өнімнің барлығын түрінен толық орындамай қалуына әкеліп соғып отыр.

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда, әсіресе, Мамлют, Соколов, Ленин аудандары артта қалып келеді. Бұл аудандардың басшылары мен олардағы дайындау орындарының қызметкерлері, әсіресе, колхоздардың, совхоздардың сол сияқты, мал иеленуші жеке адамдардың мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруын және сатуын нашар ұйымдастырған. Осының салдарынан бұларда мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың және сатуын жартыжылдық жоспары орындалмады.

Көп аудандарда, әсіресе, мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке сатуы ұйымдастырудың жайы мүлдем қанағаттанғысыз. Аудандардағы дайындау орындарының қызметкерлері бұл іспен мүлдем шұғылданбайды. Ал, аудандық партия комитеттері мен Совет атқамдәрі оларды өз міндеттерін аброймен орындауға жұмылдырудың орнына, дайындау орындарының қызметкерлерін колхоздарға уәкіл етіп жіберіп жүр. Мұндай жағдай, әсіресе, Совет ауданында жиі кездесіп келеді. Аудандық партия комитеті дайындау министрінің аудандық мекемесінің қызметкерлерін көбінесе, шөп шабу, егін орағына әзірлік жұмыстары жөнінде колхоздарға уәкіл

данындау мекемелерінің қызметкерлерінен, колхоздар мен совхоздардың басшыларынан мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін міндетті тапсырудың және сатуы ұйымдастырудың мерзімінде және тәулік орындауды ұйымдастыруды қатты талап етулері қажет. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатуы ұйымдастырудың орындалғанда ғана өнім дайындау жөніндегі жоспарлар толық орындалды деп есептеледі. Мұның өзі колхоздардың, совхоздардың және жеке адамдардың мемлекеттік сатып алу орындарына мал шаруашылығы өнімдерін көптеп сатуы ұйымдастыруға күнбе-күн басшылық етуді талап етеді. Бұл жөнінде әсіресе, колхоздар мен совхоздардағы бастауыш партия ұйымдары мал шаруашылығы өнімдерін елімізге көптеп берудің маңызын, колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің шаруашылықтары мемлекетке міндетті түрде тапсыратын мал шаруашылығы өнімдерінің нормаларының кемітілгенін, мұның өзі колхозшылардың жұмысшылар мен қызметшілердің ал-ауқат дәрежесін арттыра түсуге жасалып отырған қамқорлық екенін бұқараға кеңінен түсіндіруге міндетті.

Мемлекетке тапсырылатын ауылшаруашылық өнімдерінің сапасы неғұрлым жоғары болуына мықтап назар аудару керек. Еткіз тапсырылатын малдың тек семіз болуын қадағалау қажет. Бұл колхозға да, мемлекетке де өте тиімді болатынын колхозшыларға күнбе-күн түсіндіріп отыру қажет. Колхоздар ет үшін мемлекетке семіз мал тапсыру есебінен көптеген мадды үнемдеуге мүмкіндік алады. Ал, мемлекетке тапсырылған сапалы шикізаттардан халық тұтынатын сәнді әрі әдемі товарлар жасалады. Отанымыз ауылшаруашылық қызметкерлерінен міне, осыны күтіп отыр.

Ауылшаруашылық қызметкерлері, елімізге мал шаруашылығы өнімдерін—етті, сүтті, майды, жүнді, жұмыртқаны және басқа өнімдерді барынша көптеп берейік!

нер астық бастыруды, кемінде 5 процент жанар майды, 10 процент жөндеуге кететін материалдарды үнемдеуді ұйғардық.

Бізге бұл міндеттемізді, аброймен орындауға мүмкіншілік бар. Мәселе, сол мүмкіншіліктерді толық пайдалана білуде. Сондықтан біз агрегаттағы жұмысты ұйымдастырудың, уақытты өнімді пайдаланудың тиімді шараларын белгілеп отырыңыз.

Белгіленген шараларды мұлтіксіз жүзеге асыра отырып және өз өндірісімізге озат комбайншылардың тәжірибелерін ергізе отырып, алған міндеттеменің толық орындалуына жетісетін боламыз.

А. КНОР,

Ұзынкөл совхозының комбайншысы.

Егінді күту ойдағыдай жүргізілуде

Маленков атындағы колхоздың (Преснов ауданы) огородшылары быйыл 13 гектар картоп пен 11 гектар оwoщь дақылдарын шаршы-ұялап отырғызды. Мұның өзі бұл дақылдардың қатараралықтарын өңдеу техника күшімен жүргізуге қолайлы жағдай тудызып отыр.

Колхозда картоп және оwoщь дақылдарын өсіретін 4 звено құрылған. Звенолардың өрқайсысында 5 адам бар. Олардың бұл құрамы тұрақтандырылған және картоп, оwoщь егістерінің алаңы оларға бөлініп, бекітіліп берілген.

Звено мүшелері картоп пен оwoщь егісі көптеп шығысымен-ақ олардың қатараралықтарын өңдеуге кірісті. Бұл жұмысты механика күшімен жүргізіп келеміз. Мен трактор культиваторларын картоп, оwoщь дақылдары егісінің қатараралықтарын өңдеуге бейімдеп қайта жабдықтауға көмектестім. Жұмыс үстінде культиватор механизмдерінің жұмысын бақылаудың тәртібін үйреттім.

Звено мүшелері өздеріне бекітіліп берілген учасқтердің қатараралықтарын бір рет өңдеп болды. Көзірі қатараралықтардың топырағын қопсыту, арам шөптерді отау жұмыстары екінші рет жүргізілуде. Картоп пен оwoщь дақылдарын күтуде звено мүшелері Гаврилова, Мышеникова, Серогин жолдастар еңбекті өнімді және ұқыпты істейді. Олар звенолардағы тәжірибелері аз колхозшыларға үнемі көмектесіп отырады.

Сол сияқты, колхозшылар СОКП Орталық Комитеті июнь пленумының қаулысын орындай отырып, дөңді және техникалық дақылдар егісін күтуді ойдағыдай жүргізуде. Шаршы-ұялы әдіспен егілген 70 гектар күнбағыс көзірі культиватормен екі рет өңделді. Басқа да отамалы дақылдар егісі бірінші рет арам шөптен тазартылып болды. Мектеп оқушыларының көмегімен 200 гектарға жуық дөңді дақылдар егісінің арам шөбі оталды.

Көзірі арам шөптерден тазартылған егін дер жақсы өсіп-жетіліп келеді. Біз егінді күтіп-баптау жұмыстарын әрі өнімді, әрі агротехникалық талаптарға сай дәрежеде жүргізе отырып, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға жетісетін боламыз.

А. СЕМЕНИХИНА,

Агроном.

жөндеуге қажаттастырған кірісіп, өңделген еңбек етуге, егін жыйнау мерзімін өткен жылғымен едәуір қысқартуға тиіс.

Мен жыл сайын комбайн жөндеуге ерте кірісіп, егін жыйнауда әр уақытта жаңа табыстарға ие болып келдім. Өткен жылы 18 жұмыс күні ішінде 1100 гектар егін жыйнадым. Сөйтп, «Новый свет» колхозының колхозшыларына егінді қысқа мерзімде жыйнап алуларына көп көмек көрсеттім. Кей күндері тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен 50 гектарға дейін егін жыйнадым. Бұл үшін көмекшілерім—А. Нельц және Р. Огий жол дастармен бірге комбайндарды тәулігіне 20 сағатқа дейін тоқтаусыз жұмысқа пайдаланатын болдық.

Біз Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алу жолындағы бастамасын қызу қуаттай отырып, 20 жұмыс күні ішінде тіркеудегі екі «Сталинец-6» комбайнымен 1300 гектар егін жыйнауға, 15 мың центнер астық бастыруға міндеттеме алдық. Міндеттеме—зор, бірақ—орындарлық.

Егін жыйнауға әзірміз

Комбайн—егін жыйнауға ең күрделі машина. Егін жыйнауға жақсы жабдықталған жұмыс үстінде техникалық жағынан дұрыс күтілген комбайнмен маусымдық тапсырманы қашан да асыра орындауға болады.

Быйыл біздің совхозда жаздық дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылды. Барлық дақылдар агротехникалық қолайлы мерзімде, сапалы егілді. Көзірі олар ойдағыдай өсіп-өніп келеді. Бітік өскен егінді деркесінде жыйнап, елімізге астықты көптеп тапсыру—комбайндарды жұмысқа сапалы дайындауға байланысты. Сондықтан да совхоз комбайншылары комбайн жөндеу жұмысын ерте қолға алып, оны ойдағыдай жүргізуде.

Мен өзіме бекітіліп берілген «Сталинец 6» комбайнның толық жөндеп болдым. Оның әрбір жеке бөлшектерінің іске жарамдылығын тыянақты тексердім. Бұған МТС механигі де қатысты. Ол менің комбайнның жақсы жөндеген деп санады.

СОКП Орталық Комитеті июнь пленумы егін жыйнауды үлгілі ұйымдастырудың зор шараларын белгілеп, комбайншылардың алдына аса жауапты міндет қойды. Пленум қаулысымен жігерленген Ставрополь өлкесіндегі Петров МТС-нің комбайншылары әрбір комбайн агрегатымен күндіз тапсырмаларын асыра орындау жөнінде бастама көтерді. Міне, бұл жағдайдың бәрі мені ойландырды.

Біз агрегат мүшелері Пленум қаулысымен және ставропольдіктердің хатымен танысқаннан кейін өзіміздің мүмкіншіліктерімізді есепке ала отырып жаңа егінді жыйнау жөнінде міндеттеме алдық. Жұмысты қайткенде жақсы істеуге болатын-

етіақты тыянақтап дайындау жұмыс рiне немесе колхоздың астық қоймаларына түтуге бодар едi. Бірақ, МТС басшылары бұл уақытқа дейiн орынды әрi колхоз үшiн пайдасы ұсынысты қолдамай отыр.

Быйыл бiздiң МТС-гiң қамтуындағы колхоздарда егiс көлемi 6 мың гектардай ұлғайды. Мұның өзi комбайндардың атқаратын жұмыс мөлшерi ұлғаяды деген сөз. Алайда, МТС-те комбайндарды жөндеудiң қарқыны баяу екендiгiн атап айту керек. Егiн жыйнау маусымы бастаудына аз уақыт қалса да МТС-те 54 комбайн жөндеген жоқ. МТС басшылары бұл кемшiлiктi дереу жоюға мiндеттi. Мен көзiргi уақытта басқа комбайндарды жөндеуде жұмыс iстеп жүрiмiн. Сменалық тапсырмамды үнемі 180-200 проценттен орындаймын.

Егiн жыйнауға еңбек өнiмдiлiгiн еселеп арттыру арқылы бiздiң агрегаттың мүшелерi Петров МТС-i комбайншыларының үндеуiне нақтылы iстерiмен жауап беретiн болады.

Я. ОГИЙ,

Преснов МТС-нiң комбайншысы.

дығын ой елегiнен өткiздiк. Сөйтiп, «Сталинец-6» комбайнымен 16 жұмыс күнi iшiнде 400 гектар егiн жыйнап, 38.400 пуд астық бастыруға жетiсудi ұйғардық.

Бұл оңай емес. Бірақ, өз мiндетiмiздi аброймен орындауға бiзде мүмкiншiлiк бар. Агрегатты өз iсiн сүйiп атқаратын, ұқыпты адамдар қамтылды. Олардың iс тәжірибелерi де мол.

Өткен жылы бiздiң комбайн егiн жыйнаудың басынан аяғына дейiн бiрде-бiр рет тоқтаған жоқ. Біз тәулігіне 20-22 сағат жұмыс iстедiк. Комбайн бункерiнен астық тек жүрiп бара жатқанда түсiрiлдi. Комбайнға су мен жанар май құюға кететiн уақыт мейлiнше қысқартылды.

Алған мiндеттемеiздi орындау жолындағы күресте, бiз өткен жылы еңбек өнiмдiлiгiн арттыруға қолданған бұл әдiстерiмiздi быйыл кеңейте, жетiлдіре берудi ойластырып отырмыз. Онымен бiрге бiз комбайнды жатып қалған егiндi шабуға, тiптi оны жауып-пашыды күндерде де тоқтатпауға бейiмдеп отырмыз. Комбайндың кесушi аппаратын қайта жабдықтау арқылы егiндi жерден 7-8 сантиметр биiктiкте шабатын боламыз.

Көзірі совхоз басшылары мен мамандары әрбір комбайн агрегатының жұмыс жоспарын және егіннің пісіп-жетілуіне қарай оны ору маршрутын жасап, маршрутпен агрегат мүшелерін таныстырды. Міне, осы шаралардың барлығының жүзеге асырылуы біздің алған міндеттемемізді сөзсіз орындауымызды қамтамасыз етеді.

Е. ХРУЩЕВ,

Мамлют совхозының комбайншысы.

Астық қоймасы

Конюхов ауданының «Пятилетка» ауылшаруашылық артелинде егін орағына әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде. Артельдегі үш сортирровка және механикаландырылған астық келтіргіш толық жөндеуден өтіп, астық қабылдауға әзір тұр.

Артельде 6 адамнан құрылған құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Жақында құрылыс бригадасы 500 тонна астық сыятын қойма салуға кірісті. Сол сияқты, жабық қырмандарды жөндеу жұмыстары айтаулықтай жүргізілуде.

Е. МАРАТОВ,

Өткізетін Бүкілодақтық Комитетте

7 июльде Москвада, ССРО Совет жазушылар одағында К. А. Фединнің председателдік етуімен А. П. Чеховтың қайтыс болуына 50 жыл толуын өткізетін Бүкілодақтық комитеттің мәжілісі болды.

Комитет орыстың ұлы жазушысы мәңгі есте қалдыру жөнінде біресыра шараларды жүзеге асыру туралы ұсыныстар жасады, ССРО Министрлер Советіне хат жазуға қарар қабылдады.

Мәжілісте Чехов күнінің өткізудің тәртібі бекітілді. Москваның Кудренскі көшесіндегі Антон Павловичтің 1886-1890 жылдарда тұрған және жұмыс істеген үйінде 14 июльде музей үйі ашу белгіленді.

А. П. Чеховтың қайтыс болғанына 50 жыл толатын күні Ново-Девичье зыратындағы жазушының бейітінде қаралы митингі өткізіледі.

Одақтар үйінің колонналы залында ССРО совет жазушылар Одағының бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитеті ұйымдастыратын салтанатты мәжілісі болады. Оған тұмыскан одақтас республикалардың, сондай-ақ, шетелдердің жазушылары қатысады.

Жоғарғы кластағы мектеп оқушылары үшін жалпы москвалық Чехов кеші, Горький атындағы орталық мәдениет және демалыс паркінің жасыл театрында кеш өткізіледі.

Орыстың ұлы жазушысын еске түсіруді бүкіл еліміз атап өтеді. Оның өмірімен және творчествосымен байланысты жерлерде—Ялтада, Таганрогте, Мелиховде салтанатты мәжілістер, ғылым конференциялар, әдеби кештер өтеді.

(СОТА).

Теміржолшылар Бүкілодақтық экскурсанттарын тасымалдауға әзірленуде

Жуырда Қатынас жолдары министрлігінде Москваның темір жол вокзалдарының бастықтары мен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Бас комитеті өкілдерінің кеңесі болды. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің экскурсанттарын тасымалдау туралы мәселе талқыланды.

Қатынас жолдары министрлігінің жолаушылар Бас Басқармасының бастығы Г. П. Запорожков мынаны хабарлады: теміржолшылар августа, сентябрьде, және октябрьде Москваға қосымша 300 мың адам жеткізеді. Астанаға күн сайын 3.300 экскурсант келеді деп жоспарланған. Ауыл шаруашылығының озаттары, әсіресе Қазан, Курск, Киев, Белорус және Ярославль вокзалдарына көп келетін болады. Москвадан жүріп кететін жерде мейлінше қолайлы жағдай жасау үшін поезд жүрерден бір күн бұрын билеттерді экскурсанттар тұрған жатақханааларға жеткізіп беру ұйымдастырылады. Вокзалдарда билет сататын қосымша кассалар ашылады. Поездық кассирлер экскурсанттар Москваға келе жатқанда поездың ішінде жүріп оларға қайтар жолға билеттер сататын болады.

(СОТА).



СУРЕТТЕ: Москваның Горький көшесі. (СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Барлық күшті июнь Пленумының қаулысын орындауға жұмсайық

Петропавл аудандық партия комитетінің пленумынан

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің ІІ пленумында «Егінді күту, мал азығын дайындаудың барысы туралы, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруға әзірлік туралы» мәселе талқыланды.

Бұл тәртіпіндегі мәселе жөнінде Петропавл, Асанов МТС-терінің директорлары Любарь, Чайко, Дайындау министрлігінің аудандық уәкілі Логвиенко жолдастар жаяндама жасады.

Баяндамашылар және жарыссөзде сөз сөйлеушілер Коммунистік партия мен Совет үкметінің зор көмегі арқасында ауданның колхоздары мен совхоздары үстемізіндегі жылы көктемгі дала жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізігенін қанағаттандырып атап көрсетті. Аудан колхоздары көктемгі егіс жоспарын агротехникалық қысқа мерзімде асыра орындады. Быйыл картоп және овощ егістерінің көлемі екі есе ұлғайды.

Пленумға қатысушылар көктемгі дала жұмыстарын кезінде қол жеткен табыстармен бірге кәзіргі кездегі жұмыстардың жайына—егінді баптап күту, мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарын барысына баса назар аударды. Сөйтіп, жұмыста орын алған кемшіліктерді батыл сына алды. Кейбір колхоздар көктемгі егісті ұзаққа созды. Калинин атындағы колхоз көктемгі дала жұмыстарын бір айдан астам жүргізді. «Луч Ленина» колхозы 170 гектардың орнына небары 100-ақ гектар картоп отырғызды.

Петропавл, Асанов МТС-терінің басшылары көктемгі дала жұмыстары аяқталысымен трактор паркін пар жыртуға жетпей қосуды қамтамасыз етпейді. Мұның үстіне пар жыртудың барысында техникалық күтімнің жеткіліксіз болуы салдарынан тракторлардың қуаты толық пайдаланылмады. Ауданда пар жырту жоспарының небары 60-ақ процент орындалуы МТС басшыларының келесі жылдың егісі үшін қажетті шаралар қолданбауларынан болып отыр.

Сонымен қатар МТС-тер егінді күту, әсіресе, отамалы егістердің қатараралықтарын баптап, күту жұмысына немқетті қарап келеді. Аудан колхоздарында картоп және овощ егістерін күтуге техника күшінің пайдаланылмауын тек осыдан деуіміз керек.

Пленумда егін жыйнау жұмысына әзірліктің барысы қатты сыналды. Бірқатар колхоздар күні осы уақытқа дейін астық қоймаларын жөндеу жұмыстарына, сон-

дай-ақ жабық қырман құрылыстарына кіріскен жоқ. МТС-терде комбайндарды жөндеу, астық тазалайтын машиналарды жөндеу жұмыстарының барысы баяу жүргізілуде.

Сталин атындағы колхоздың председателі Шелжунов жолдас өзінің сөзінде колхоздың егін жыйнау және астық дайындау науданына әзірлігі жөнінде хабарлады. Мұнда әрбір егіс участоктерінде жабық қырман салынууда. Олардың әрқайсысына 500 гектар егістің өнімі сыяды. Колхоз орталығындағы және кейбір бригадалардағы қырманда астық тазалайтын машиналар электр қуатымен немесе арнаулы механика күшімен жұмыс істейтін болады.

Шешен сөзінің соңында мал азығын дайындауда МТС-тің шешуші роль атқармай отырғанын сынады. Ол Петропавл МТС-нің басшылары, әсіресе, оның директоры Любарь жолдас мал азығын дайындау сыяқты маңызды жұмысты екінші кезекке қойып отырғанын айтты.

Петропавл совхозының директоры Горбунов жолдас СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы совхоз қызметкерлерінің арасында өндірістік өрлеу турғызғанын айтты. Пленум қаулысын талқылауға арналған жыйналыстарда совхоз қызметкерлері көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, шөп шабу және егін жыйнауға әзірлік жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру жөніндегі социалистік жарысқа ұштасты.

— Совхоз мал азығының біржарым-жылдық қорын жасау үшін быйыл 4 мың тонна шөп шауып, 2500 тоннадан астам шөп сүрлеуге тиіс,—деді ол.— Бұл міндетті совхоз қызметкерлері ойдағыдай орындауда. Пішеншілер социалистік жарыстың туын жоғары ұстап, бір күндік және бес күндік тапсырмаларды асыра орындап жүр. Партия ұйымы пішеншілер арасындағы социалистік жарыстың, бұқаралық-саяси жұмыстың барлық әсерін мал азығының берік базасын жасау мақсатына арнауда. Бізде шабылған шөп кешіктірілмей дереу мал қыстайтын орындарға тасылуда. Совхозда шөп тасу үшін тракторларға тіркелетін арнаулы арбалар жасалды. Олардың әрқайсысына 4 тоннадан шөп артуға болады.

Ворошилов атындағы колхоздың председателі Кузнецов жолдас өзінің жүретін шөп машиналарды жөндеуді ұзаққа

созып отырғаны үшін Асанов МТС-нің басшыларын, оның директоры Чайко жолдасы өді сынады. Осы күнге дейін жөндеу мастерскойында бірнеше өзінің жүретін шөп машиналары жөндеуден өтпей тұр. Ал, колхозға жіберілген кеңалымды шөп машиналардың бірқатары сапасыз жөндеген. Сондықтан олардың бос тұру фактілері жиі кездеседі. МТС-тің, оның басшыларының қоғамдық малдың дағдыры үшін жауап беретін уақыты жетті.


Дайындау министрлігінің аудандық уәкілінің орыңбасары Шешуринов жолдас пленумға қатысушылардың назарын комбайндар мен басқа да астық жыйнайтын машиналарды жөндеуді, астық қоймалары мен жабық қырмандардың құрылысына күшейту мәселесіне аударды. Ол құрылыс материалдарына қамысты пайдаланудың қажеттігін айтты. Сонымен қатар шешен селолық жерлерде сауда жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алмай отырғаны үшін аудандық тұтынушылар одағын сынады.

Пленумға қатысушылар алыстағы мал жайылымдағы жұмыстың жайына ерекше назар аударды. Ворошилов атындағы, Киров атындағы, Буденный атындағы және басқа бірнеше колхоздар 80-90 километрлік қашықтықтағы Сүлікті участогінде мал бағып отыр. Аталған колхоздардың басшылары алыстағы мал жайылымдарында сирек болады. Малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыс жоқтың қасы. Аудандық атқару комитеті председателінің орыңбасары Севастьянов жолдас өзінің сөзін, міне, осы мәселеге арнады. Ол мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси және мәдени жұмыстарды жақсартудың қажеттігін айтты.

Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Кабунасов жолдас аудан партия ұйымының СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шұғыл міндеттеріне тоқталды.

ҚКП аудандық комитетінің пленумы партиямыздың Орталық Комитеті Пленумының «көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысын бірауыздан мақұлдап, оны жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған қарар қабылдады.

Облыс ауыл шаруашылығының жаңалықтары



Мүдделі іс үшін жұмсаған еңбектің өнімді болатындығы өзінен өзі айқын. Ал, бұл жағдайда әрбір адамның еңбекке деген жігері еселеп артып, творчестволық ізденуі өрістей беретіндігі де сөзсіз.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының елімізде ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету туралы қаулысы, шын мәнінде, халқымыздың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін барынша жақсартудың да қамы болып табылады. Ал, халық қамы үшін белгіленген шара әрқашан да аброймен жүзеге асырылмақ. Зор саяси өрлеу және қажырлы еңбек қарқыны мен қарсы алынған бұл қаулылар облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің еңбек ынтылығын еселеп арттырып, мүдделі істің орындалуы жолындағы қызу күресін өрістеті түсті. Әсіресе, олардың творчестволық ізденулері кең бағыт алды.

Бұған мысал ретінде мына фактіні айтып өтудің өзі-ақ жеткілікті. Үстіміздегі жылы облысымыздың ауылшаруашылық өндірісінің жаңашылары адам күшін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мақсатымен оннан астам жаңа ауылшаруашылық машиналарын ойлап шығарды.

Газетіміздің бүгінгі номерінде жарияланып отырған суреттер, міне, сол жаңашылардың ойлап шығарған машиналарының бір тобы. Олардың бірі — жаңа астық тиегіш (бірінші, жоғардағы сурет).

Бұл жаңа астық тиегіш Возвышен астық совхозында жасалған. Конструкциясын ойлап шығарған —совхоз жұмысшысы Ф. М. Белоус жолдас. Ол бұл жаңа астық тиегішті ойлап шығару жолында көп ізденіп, көп еңбек етті. Талай түндер ұйқысыз өтіп, талай жобалар жарамсыз болып қалды. Бірақ, бүкілхалықтық абройлы міндет болып табылатын — ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету

сына астық тиеледі деген сөз. Сонымен қатар, оны қырман басында бір орыннан екінші орынға оңай жылжытуға болады. Ал, онда небары бір ғана адам жұмыс істейді.

Астық тиегішті МТС мастерскойында, колхоздың ұста дүкендерінде жасап алуға болады. Өйткені, оның бөлшектері өте жабайы. Көзір бұл жаңа астық тиегіштер облысымыздың МТС, колхоз, совхоздарының мастерскойларында көптеп жасала бастады.

Вильямс атындағы машина-трактор станциясының директоры Семен Николаевич Фарофонов жолдасының есімі ізденгіш жаңашы ретінде облыс еңбекшілеріне көптеп мәлім. Ол бұдан бұрын астық тазалайтын вялка мен жер айыратын плугтерді жетілдіру жолында ойдағыдай табыстарға жеткен болатын. Жуырда жаңашы инженер өзі ойлап шығарған өздігінен айналатын тырманы (екінші, жоғардағы сурет) өндірістік сыннан өткізді.

Өзі айналатын тырманы сыннан өткізуді қабылдаған ауыл шаруашылығының бір топ мамандары бұл ауылшаруашылық құралын өте зор бағалады. Бұл сын Мамлют ауданының «Индустрия» ауылшаруашылық артелиінде өткізілген болатын.

Тырманы сынау құрамында «С—80» тракторы, бес түрленді екі плуг, екінші плугтың артынан тіркелген екі қатарлы жай тырма, бірінші плугтың артынан тіркелген өзі айналатын бір тырма бар агрегаттың жұмыс істеуі жасалып отыр. Сынау жұмысы тыңайтылған қара топырақты жерде, 2 гектарлық алаңда жүргізілді.

Бұл сынаудың нәтижесінде өзі айналатын жаңа тырманың төмендегі қасиеттері анықталды.

Ең алдымен өзі айналатын тырманың жерді жұмыстау көлемі екі қатарлы тісті жай тырманың алатын жер көлеміне тең. Сол сыяқты, ол жыртылған жердің жоғарғы қабатын жақсы көпсітады және

тырманың ауырлық салмағы да көліктен жұмыс істеуге мүмкіншілік бермейді. Оның салмағы —200 килограмм. Мұның өзі жерді жұмыстаудың сапалы болуына шақталған.

Қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі шұғыл міндеттерді жүзеге асыру малдың барлық түлігі үшін кең, жылы, жарық қоралардың жеткілікті болуына тығыз байланысты. Соңғы уақытқа дейін біздің облысымызда қоғамдық малдарды қажетті қорамең қамтамасыз ету ісінде көптеген кемшіліктерге жол берілді. Бұл кемшіліктердің басты себептерінің бірі— құрылыс материалдарының жеткіліксіздігі болатын. Сондықтан да облысымыздың құрылыс мамандары бұл олқылықты жою шараларын қарастырып, облысымызда көп өсетін қамыстың мал қоралары үшін өте құнды құрылыс материалы болатындығын анықтады. Бұл салада олар Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігі системасында ІІІ брикет-қамыс комбинатының қамыстан қой қораларын және басқа құрылыстарды тез әрі арзан салу әдістерін үйренуге кірісті. Сөйтіп, облысымыздың жерінде өсетін қамыстан алғашқы қой қорасы салынды (үшінші, төмендегі сурет).

Бұл қой қорасы қамыстан буда жасау жолымен салынған. Будалар, яғни, бағаналар қамыстан диаметрі 20—25 сантиметр шамасында буылған. Сол сыяқты, оларды қажетті жерге жеткізуге қолайлы болу үшін оның ұзындығы 6 немесе 4 метр етіліп жасалған. Бұл бағаналар сыммен буылды.

Қамыс будалар, әсіресе, қой малына арналған қораларды күмбездей салу үшін өте тиімді. Өйткені, бұл жағдайда құрылыс үшін ағаш материалдары мүлде аз жұмсалады. Сонымен қатар, қамысты құрылыстың барлық түріне де пайдалануға болады. Мәселен, малшылар үшін тұрғын үйлер, шаруашылық үйлер салу үшін де

Ауылшаруашылық жұмыстарының қарқыны күшейтілсін

Жақында Конохов аудандық партия комитетінің V пленумы болып өтті. Оның жұмысына колхоздар мен селолық Совет атқомдерінің председателдері, бастауыш партия ұйымдарының секретарлары қатысты. Пленум «Аудан колхоздарында егінді күту, мал азығын дайындау және егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруға әзірлік жұмыстарының барысы туралы» аудандық партия комитетінің секретары Макаров жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылады.

Пленумға қатысушылар аудан еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын зор қуанышпен қарсы алғанын бірауыздан хабарлай келіп, аудан колхоздарындағы шаруашылық жұмыстардың жайына терең талдау жасады. Баяндама бойынша жарыс сөзге өз сөйлеуші жолдастар аудан колхоздарында егінді күту, мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарының барысы партия қойып отырған міндеттердің дәрежесіне сай емес екендігін атап көрсетті.

—Баяндамада Суворов атындағы МТС-тің жұмысындағы кемшіліктер дұрыс сыналды, —деді станция директоры Вертин жолдас. —Біз егінді күту, сондай-ақ, шөп шабу жұмыстарын мүлде қанағаттанғысыз ұйымдастырып отырмыз. Бұған ең алдымен МТС басшылары, оның директоры мен кінәлі. Сонымен қатар кейбір колхоз председателдерінің трактор бригадаларының жұмысына немкетті қарайтынын айта кету қажет. Мәселен, көзір шөп шабу, пар жырту кезінде «Иск-

ра» колхозында трактор бригадаларына жанар және жағар майларының, судың кезінде жеткізілмеуі себепті тракторлардың бос тұру фактілері жиі кездеседі. Механизаторлардың орынды талабына колхоз председателі Самохин жолдас құлақ аспай, шаруашылық жұмыстардың барысына нұқсан келтіруде.

Көзір шөп сүрлеудің қызу кезеңі басталды. Алайда, «Путь Ленина» және «Пятилетка» ауылшаруашылық артельдерінің басшылары сүрлетінін шөп үшін орлар мен шұңқырлар қазу жұмысын ұзаққа создуда. Осының салдарынан МТС-тің шөп сүрлейтін машиналары босқа тұр.

Пролетар селолық Советі атқомінің председателі Кириченко жолдас өзінің сөзінде Советтің қамтуындағы колхоздардың көктемгі дала жұмыстарын агротехникалық қысқа мерзімде өткізгенін хабарлады. Көзір кейбір колхоздарда дәнді дақылдарды арампөтерден тазарту және отамалы дақылдардың қараралықтарын баптап, күту жұмыстары қызу жүргізілуде. Бірақ, мал азығын дайындаудың жайы ойсыраған оққылыққа ұшырап отыр. Колхоздар тек трактор күшіне сеніп, орман алқаптары мен томарлы жерлердің шөбін қолшалғымен шабу жұмысын ұйымдастырмай келеді. Барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып, егін жыйнау жұмысы басталғанға дейін мал азығының берік базасын жасайтын болуымыз керек.

Пленумға қатысушылар аудан колхоздары мен МТС-теріндегі бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының жайына көп назар аударды. Көп жерлерде

село интеллигенттері колхозшылар мен механизаторлар үшін әңгіме өткізу, баяндама жасау, лекция оқу жұмыстарына сирек қатысады. Мәселен, Октябрь селосындағы клубта оқта-текте ғана кино көрсетіледі. Мұнда лекциялық насихат, кітап оқушылармен конференция өткізу, село жастарының күшімен көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар ұмыт қалған. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы селолық жерлердегі саяси және мәдени-ағарту жұмыстарымен жеткіліксіз шұғылданады. Аудандық партия комитетінің нұсқаушылар тобының қызметкерлері үгіт-бұқаралық жұмысқа сирек араласады.

—СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы, —деді «Новый путь» колхозының председателі Тютюнков жолдас, —партия, совет органдарынан ауылшаруашылық қызметкерлерінің социалистік жарысын қарменді ұйымдастыруды талап етті. Олай болса, аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары селолық жерлерде бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын үнемі мазмұнды ұйымдастырып, оның бүкіл әсерін социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалу мақсатына арнаулары қажет.

Жарыссөзде барлығы 11 адам сөз сөйледі.

Пленум егінді күту, шөп шабу және егін жыйнауға әзірлік жұмыстарының қарқынын шұғыл күшейту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

күресіне өз үлесін қосу, сөйтіп, қармада жұмыс істейтін адамдардың еңбегін жеңілдету мақсаты оны бұл сәтсіздіктерге мойытқан жоқ. Ақыры, көп іздену өз нәтижесін берді—ол ойлап шығарған жаңа астық тиегіш өндірістік байқауда жақсы деген бағаға ие болып, ауыл шаруашылығы өндірісіне кеңінен енгізілуге қабылданды.

Жаңа астық тиегіш, негізінен, қырмандағы астықтарды жүк машиналарына тиенуге лайықталған. Сонымен қатар, оны астық кештіру үшін де пайдалануға болады. Бұл жағдайда бір жерге үйілген астық жеделгіліп, екінші жерге үйіледі.

Бұл жаңа машинаның бөлшектері 4,5 киловаттық күші бар электр моторының қуатымен қозғалысқа келтіріледі. Сол сияқты, электр моторының орнына трактор моторларын да пайдалануға болады.

Жаңа астық тиегіштің жұмыс өнімділігі де өте жоғары. Ол сағатына 36 тонна астық тией алады. Бұл—әрбір 5 минутта «ЗИС-5» маркалы жүк машина-

онымен жұмысталған алаңның бедері бірдей жазық болады. Тырма жұмыс іеткен кезде әрі өзін әрі аршып отырады. Мұның өзі кейбір таза емес алаңдарда жұмыс істегенде жер тырмалаудың тоқтаусыз түрде жүргізілуіне мүмкіншілік береді.


Сонымен бірге сынау кезінде бұл тырманың жер қыртысының қалыпты структурасын бұзбайтыны байқалды. Бұл жағдайда тырманың еңбек өнімділігі тиісті жай тырмамен салыстырғанда өлде қайда артық.

Өзі айналатын тырманың құрылысы да өте қарапайым. Оны колхоздың ұста дүкендерінде толық жасап алуға болады. Ал, оны пайдаланудағы ерекшелік сол, ол тракторға тіркелуге тиіс. Өйткені, өзі айналатын тырмада оның айналымын өзгертіп, жерді тырмалау тереңдігін қалыңдатып немесе жұқартып отыратын арнаулы регулятор бар. Тракторға тіркелгенде регулятор бір қалыпты жақсы жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар,

ол өте қалың құрылымдармен бірге қамыс бұдаларынан салынған қора әрі жылы болады. Оның жеңілдігі, ысырап болмайтындығы бұл құрылыс материалын қашық жердегі колхоздарға да жеткізуге де мүмкіншілік береді.

Біздің облысымыздағы көлдер жағалауында қамыс өсімдігінің көп өсетіндігі, сонымен қатар, қоғамдық мал қораларын салу үшін ағаш құрылыс материалдарының жеткіліксіздігі бұл жергілікті құрылыс материалдарын пайдалану қажеттігін арттыра түседі. Өйткені, қамыс бұдаларынан салынған құрылыстар ағаштан салынған құрылыстарға қарағанда екі есе арзанға түседі және бұл қоралар күтін ұсталса, 15—20 жылға дейін шыдайды.

Жуырда облысымыз ауыл шаруашылығының мамандары мен колхоз председателдері бұл ауыл шаруашылығындағы жаңалықтармен толық танысып, оларды ауылшаруашылық өндірісіне кеңінен еңгізуді ұйғарды.



3

Комбайн агрегаттарының ұйымдастырушылары

Петропавл қаласының өнеркәсіп, транспорт, мекеме бастауыш партия ұйымдары СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын қызу қолдап, егін жыйнау маусымы кезінде комбайн агрегаттарында ұйымдастырушы болып қызмет істеу үшін ауыл-селоға 500-ден астам коммунистер мен комсомолдерді, партияда жоқ активтерді жіберуді ұйғарды.

Бұрнағы күні облыстық драма театрының үйінде аудандарға баратын комбайн агрегаттары ұйымдастырушыларының жыйналысы өтті. Жыйналыста «СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы және комбайн агрегаттары ұйымдастырушыларының міндеттері туралы» қалалық партия комитетінің бірінші секретары Полинов жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы жыйналысқа қатысушылардың назарын Ставропольдітердің бастамасы бойынша комбайншылардың социалистік жарысын кеңінен ұйымдастыруға, сөйтіп, бітік егінді ысырапсыз жыйнау алуға аударды.

Беше комбайн агрегаттары ұйымдастырушыларының басым көпшілігі қалалық партия комитетінен жолдама алып, аудандарға жүріп кетті. Көзір олар комбайн агрегаттарында жұмыс істейтін комбайншылардың, тракторшылардың, колхозшылардың құрамымен танысып, егістік жерлердің алаңдарын көрмек. Сөйтіп, ұйымдастырушылар комбайн агрегаттарының құрамын кадрлармен толықтыру, комбайншылар жөндеу жұмысының қарқынын күшейтуге көмектеседі.

Аудандық партия активінің жыйналысы

Жуырда Полудень аудандық партия активінің жыйналысы болды. Онда «Егісті күту, пар жырту, мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарының барысы туралы» Полудень, Ново-Георгиев МТС-теріндегі директорлары Лосев, Шевченко, Дайындау министрлігінің аудандық уәкілі Кутовой жолдастар баяндама жасады.

Актив жыйналысы күн тәртібіндегі мәселені қызу талқылады. Ол көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыруда қолжеткен табыстармен бірге, егінді күтуде, шөп шабу мен пар жыртуға, егін жыйнау мен астық тапсыруға әзірлікте орын алып отырған кемшіліктердің бетін ашып, олар кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

—Аманкелді атындағы колхозда егістік, сондай-ақ, жайылымдық шабындық жердің жеткіліксіз екені мәлім,—деді колхоз председателі Бегалимов жолдас.—Рас, Совет ауданы мен Полудень орман шаруашылығынан 2 мың гектардай жер бөлінді. Бірақ, бұл колхоздың пар жырту мен шөп шабуына қажетті жер көлемінің үштен біріне де жетпейді. Мұны аудан басшылары жақсы біледі. Бірақ не пайда олар колхозды жермен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыра алмай келеді.

Тоқшын элеваторының директоры Поляков жолдас элеватордың астық қабылдауға әзірлігі туралы айтты. Аудан басшылары, деді ол, элеватордың жайымен танысуға жылына бір-ақ рет, астық тапсыру кезінде ғана шұғылданады. Элеваторды жөндеу және жаңадан салынып

жатқан құрылыстарды аяқтау үшін жұмысшы күшімен көмектесу жөнінде айтылып келе жатқан біздің тілегімізге ешкім құлақ аспай келеді. Мұнан кейін Поляков жолдас мемлекетке сапалы астық тапсыру үшін егінді кезінде баптап, күтудің қажеттігіне тоқталды.

«Красное знамя» колхозының председателі Якушев жолдас өзінің сөзінде Полудень МТС-і директоры Лосев жолдастың кінәсінен пар үшін жыртылған жерлердің шөбі шабымай қалғанын айтты. Мұнан кейін ол колхоз ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды зәндіктерге қарсы қолданатын химикаттармен қамтамасыз етілмей отырғанын айтты.

«Прогресс» колхозының председателі Волощенко жолдас пар жыртуда тракторлардың өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етпегені үшін Ново-Георгиев МТС-нің басшыларын әділ сынады. «ДТ—54» тракторы, деді ол, техникалық жарамсыздығынан ұзақ уақыт бос тұр. Алайда, МТС-тің механиктері мен инженерлері ол тракторды жөндеу жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды ескермей келеді. Волощенко жолдас актив жыйналысын колхозшы шаруалардың мал азығы қорын жасайтындығына сендірді.

Мұнан кейін сөз сөйлеген «Победа», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының председателдері Шмелев, Галамов, Тоқшын совхозының агрономы Курилова және басқа жолдастар егінді күту, мал азығын дайындау, егін жыйнауға әзірлік жұмыстарына назар аударды.

Актив жыйналысы күн тәртібіндегі мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

Совхоз конструкторы

Совет ауданындағы Киров атындағы совхозда жаңа конструкциялы вейалка бар. Ол электр моторы арқылы жұмыс істейді. Вейалкаға екі-ақ адам керек. Олардың біреуі тазаланатын астықты бункерге салып тұрады. Ал, екіншісі қалдықты жыйнап алады. Вейалка сағатына 600 пұт астық тазалайды. Ол кішкене донғалықтың үстіне орнатылған.

Бұл вейалка заводтан шыққан емес, оны ойлап шығарған Павел Федорович Дьяченко жолдас. Дьяченко мамандығы бойынша инженер. Ол осы совхозға келгеннен бері еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға көптеген еңбек сіңірді. Дьяченконың чертежы бойынша совхоз ұсталары, слесарьлар және ағаш шеберлері бірқатар еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыратын механизмдер жасап шығарды. Бұл ондаған жұмысшыны жұмыстан босатып, мыңдаған сом ақша үнемдеуге мүмкіндік берді.

Жоспардан тыс пар жыртудамыз

Мен басқарған трактор бригадасының мүшелері колхоз өндірісіне трактор қуатын өнімді пайдаланып келеді. Быйыл олар Сталин атындағы колхозда (Преснов ауданы) көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары сапада аяқтады. Егіс жұмыстары аяқталысымен біз барлық тракторларды пар жыртуға қостық. Механизаторлар машинаның техникалық күтімін жақсарта отырып, пар жыртуда да сменалық тапсырмаларын үнемі толық және асыра орындап келеді.

Тракторшылардың өзара социалистік жарысында, әсіресе, Рудольф, Лукьянчиков, Шлеповец жолдастар алда келеді. Олар сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындаумен бірге, өздеріне бекітіліп берілген тракторлардың техникалық күтімін жақсарта отырып, олардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде.

Бригада мүшелерінің осындай өнімді еңбегінің нәтижесінде біз өзімізге беріл-

ген пар жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындадық. Келесі жылдың егістері үшін колхоз даласында 1347 гектар тыс, тыңайған және егістікке бұрыннан пайдаланылып жүрген жерлерден пар жыртты.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы қойған талаптарды орындау мақсатымен біз көзір парды күтіп-баптау жұмыстарын агротехникалық ережелерге сай жүргізудеміз. Сонымен бірге, механизаторлар жоспардан тыс 200 гектар пар жыртуға міндеттеніп, ол серттерін орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Біз зәбір жырту, егін жыйнау жұмыстарында да еңбек өнімділігін төмендетпейміз. Сөйтіп, колхоз шаруашылығының батыл өрге баса беруіне өз үлесімізді қосамыз.

М. ЭГОВ,
Преснов МТС-нің № 2 трактор бригадасының бригадирі.

Пресновтағы төзгісіз жайбарақаттық

Преснов ауданында ауылшаруашылық жұмыстарының қарқыны баяу

Преснов ауданы облысымыздағы ең ірі астықты, әрі малды аудан. Ауданның қай колхозында, қай МТС-інде болсын ауылшаруашылық жұмыстарының тыңғылықты жүргізуге күш-мүмкіншілік ұшан-теңіз. Тың және тыңайған жерлерді көтеруге байланысты МТС-тер қуатты техникамен жабдықталды. Тек Майбалық МТС-інің өзі ғана жаңадан 31 мыңжыртабанды тракторлар алды. Осы сияқты Преснов, Николаев, Баян МТС-терінің де әр қайсысына жаңадан 25—40 трактор берілді. МТС-тердің техника күшімен жабдықтауға қарағанда колхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарының пәрменді жүргізілуіне толық негіз бар.

Бірақ, кәзіргі жұмыстың барысы ауданның көп колхоздарында ойсыраған оқалылыққа ұшырауда. Бұл ауданда көктөмгі егіс жұмыстары облыстың басқа аудандарынан кеш аяқталды. Бұған негізгі себеп МТС-тердегі техника күшінің дала жұмыстарына өнімді пайдаланылмауы болады. Ауданның партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының басшылары бұл кемшіліктерден нақтылы қорытынды шығарып, жемшөп дайындау, пар жұрту жұмыстарының тыңғылықты ұйымдастыра білулері керек еді. Істің жайы бұған мүддем керісінше болып отыр.

МТС-терде 323 кеңалымды, 243 кәлік шөп машиналары бар. Бұлармен бір бескүнде кемінде 20 мың гектар жердің пішінін шабуға болады. Бұдан басқа былай МТС-терге жүзге тарта стандартты шөп машиналары берілді. Мұның өзі шөптің жыйналған пішінді маялау жұмысын механикаландыруға мүмкіндік берді. Колхоздардың қайсысында болсын шөптің шығымы жақсы, әрі шабындық жерлер көп. Осының барлығы бұл ауданда жемшөп дайындау жұмысын тез, ұйымшылдықпен жүргізуге болатындығын толық дәлелдейді.

Алайда, ауданның бірде-бір МТС-інде шөп шабудың күндік және бескүндік графикалары орындалмай келеді. Өткен айдың үшінші бес күндігінде ауданда небары 2 мың гектар ғана пішін шабылса, төртінші, бесінші, алтыншы бескүндіктерде де жағдай бұдан өзгере қойған жоқ.

Жемшөп дайындауға төзгісіз артта қалып келе жатқандардың бірі — Майбалық МТС-інің қамтуындағы колхоздар. Мұнда 5 июльге дейін шөп шабу жоспарының орындалуы 20 процентке де жетпейді. Ал, шыннан да осы МТС-те және оның қамтуындағы колхоздарда бұл уақытқа дейін жемшөп дайындауды қарқынды жүргізуге барлық күш-мүмкіншілік бар еді. МТС-те 95 өздiгiнен-жүретiн және кеңалымды шөп машиналары бар. Ал, колхоздардағы кәлік шөп машиналарының саны 100-ге жуық. Егер осы машиналар шөп шабуға түгел қатыстырылған болса, онда күн сайын кемінде 1 мың гектар жердің пішінін шабылған болар еді. МТС директоры Соколов, бас инженері Узов, партия ұйымшыл секретары Сембаев жолдастар

мысқа бармай, машинаны тоқтатып қойып, көршілес селоға қыдырып кеткен. Ал, МТС басшылары мұндай тәртіпсіздерге қатаң жаза қолданбай-ақ келеді.

Чапаев атындағы колхозда небары 7 мың центнер ғана мал азығы дайындалған. Бұл жоспардың оннан бір бөлігі. Егер шөп машиналары жұмысқа өнімді пайдаланылған болса, онда кемінде 30 мың центнер мал азығы дайындалған болатын еді. Колхоз председателі Сичинский жолдас өзінің жүретін және кеңалымды шөп машиналарының еңбек өнімділігі нашар екендігін жақсы білсе де, колхоздағы 12 кәлік шөп машинасының бірде-бірі жұмысқа қоспаған. Жемшөп дайындаудың қарқыны Преснов, Баян, Николаев МТС-терінде де өте-мөте баяу. Преснов МТС-інің қамтуындағы колхоздарда өткен қыста мал азығының тапшылығынан ойдағы қорамдық мал шығын болды. Колхоз, МТС басшылары өткен жылдың бұл ащы жағдайынан тиісті қорытынды шығармады. Оған колхоздарда шөп шабудың қарқыны нашар екендігі толық дәлел. «Прибой» колхозында пішіншілердің еңбегі дұрыс ұйымдастырылмаған. Пішіншілер таңертеңгі сағат 10—11-де келіп, кешкі сағат 5-те үйлеріне кетіп отырады. Колхоз председателі Шмелев жолдас пішіншілер бригадасында оқта-текте ғана болады. Ол бригадалардан мал азығын дайындаудың бескүндік графикасын сөзсіз орындалуын қатаң талап етпейді.

Ауданда шөп шабу мен шабылған шөпті маялаудың арасында аспақтық көп. Быыл МТС-терге жүзге тарта стандартты шөп маялағыштары берілді. Бірақ, бұл шөп маялағыштар көп колхоздарда жұмысқа мүлдем пайдаланылмайды. Бұл машиналар жаңа техника болғандықтан оның құрылысымен көп механикаторлар таныс емес. Ал, МТС-тің инженерлері мен механиктері бұл жөнінде оларға көмек көрсетпейді. Осы себепті Майбалық МТС-інде 6 шөп маялағышы қарап тұр.

Ауданда шөп шабудың қарқыны баяу болуына тағы бір негізгі себеп — мал мамандарының жемшөп дайындауға күнбе-күн басшылық жасамаулары болып саналады. Зоотехниктер мен маалдәрігерлері пішіншілер арасында болып, олардың жұмысына қолма-қол көмек көрсетуді, сапалы мал азығын дайындаудың жолдарын үйретуді тіпті ескермейді. «Победа» колхозындағы зоотехник Постухова жолдас осы уақытқа дейін бірде-бір рет пішіншілер арасында болмаған. Осы сияқты, зоотехниктер Сәтеев, Бекетов жолдастар да өздерінің қамтуындағы колхоздардың пішіншілер бригадасында өте сирек болады.

Кәзіргі уақыттағы ауылшаруашылық жұмыстарының бірі — тың және тыңайған жерлер есебінен пар жұрту. Быыл аудан колхоздары жүз мың гектарға жуық пар жыртуға тиіс. Мұның көпшілігі тың және тыңайған жерлер. Пар

тапсырмаларын орындамайды. Бұл жөнінде мысалға тағы да Майбалық МТС-ін алуға болады. Тракторшы Климов жолдас 5 күн бойы маскүнемдікке салынған. Осы себепті «ДТ—54» тракторы 50 сағат тоқтап тұрған. Еңбек тәртібі бұл МТС-те, әсіресе № 18, 9, 19 бригадаларында да нашар. Бұларда тракторшылар мен тіркеушілердің жұмысқа келмей қалуынан тракторлар көп уақыт бойы тоқтап тұрады.

Майбалық МТС-і пар жұртуда төзгісіз артта қалғандықтан бұл МТС-ке Налобин, Интернационал, Преснов МТС-терінен көптеген тракторлар келді. Бірақ, МТС, колхоз басшылары бұл келген тракторлардың өнімді жұмыс істеуіне де қажетті жағдайлар жасамай отыр. Налобин МТС-інен келген 5 трактор плугтердің жоқтығынан 4 күн бойы тоқтап тұрды.

Жағдай Преснов МТС-інде де осындай. Мұнда тракторлардың техникалық жарамсыздығынан және басқа себептермен 12908 трактор жұмыс сағаты босқа өткен. Бұл жыл басынан бері 16 трактор жұмыс істемеді деген сөз. Кей реттерде тракторлардың босқа тұруы колхоз басқармасының дәрменсіздігінен де кездеседі. «Победа» колхозында жыртатын жердің алдын-ала іріктеліп алынбауынан № 18 трактор бригадасы екі күн бойы жұмыс істемеген.

Преснов ауданында тракторлардың жұмысқа өнімді пайдаланылмауынан пар жұрту графикалары үнемі орындалмай келеді. Алайда, ауданның партия, совет ұйымдары орын алған кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шараларды қолданбай отыр. Аудандық партия комитетінің МТС-тер аймағы жөніндегі топтарының қызметкерлері ауыл-село еңбекшілері арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жаңа міндеттер дәрежесіне сай жүргізбей келеді. Олар бастауыш партия ұйымдарына қолма-қол көмек көрсете алмай жүр. Колхоздарға келгенде партиялық-саяси жұмыстың жайымен танысады. Тек колхоз басшыларымен шаруашылық жұмыстар туралы әңгімелеседі де кетіп отырады.

Майбалық МТС-і аймағы жөніндегі топтың нұсқаушысы Құсайынов жолдас Калинин атындағы колхозда болып келеді. Не пайда, селодағы партиялық-саяси жұмыстың жайы жақсарған жоқ. Ол бастауыш партия ұйымына қолма-қол көмек көрсетіп, трактор және пішіншілер бригадаларының мүшелері арасында үгіт-бұқаралық жұмысын өрістетуді ойластырмайды. Аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы жөніндегі секретары Байбатыров жолдас колхоздарда жиі-жиі болады. Бірақ, ол бригадаларда болған уақытта партиялық-саяси жұмыстың жайымен жете шұғылданбайды. Жақында Байбатыров жолдас «Организованный труд» колхозында болды. Онда ол төл нұсқаушысы Белшиков жолдаспен кездесіп, оған пар жұрту шөп шабу қар-

МАМЛЮТ АУДАНЫНДА

Іріленген колхоз

Жақында «Сталинец» және «Пробуждение» колхоздары колхозшыларының басқосқан жыйналымы болып өтті. Онда екі колхоздың шаруашылық жұмыстарының барысы, СОБП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары қаулыларының колхозда орындалуы жөнінде мәселе қаралды. Жыйналыста шығыс сөйлеушілер «Пробуждение» колхозының мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлерінің игерілмей жатқандығы, колхозда жұмыс істейтін адамдардың жеткілісіздігі жайында айтты. Ал, «Сталинец» колхозында еңбек жасындағы адамдардың саны көп. Бірақ, жайылымдық және егістік жерлердің көлемі аз. Колхозшылар екі колхоз қосылған уақытта ғана қоғамдық шаруашылықты өркендетуге, пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеруге толық мүмкіндік болады деген қорытындыға келді.

Осы жыйналыста екі колхозды қосу, оны Маленков атындағы ауылшаруашылық артель деп атау жөнінде бірауыздан қаулы қабылданды. Жаңадан басқарма құрамы және колхоз председателі сайланды.

Колхоздың іріленуі өзінің алғашқы игі нәтижесін бере бастады.

Туған өлкеге саяхат

Мамлют орта мектебінің оқушылары жақында туған өлкеге саяхат жасады. Олар Петропавл қаласында болып, ондағы кәсіпорындарымен және басқа тарихи жерлермен танысты.

Әсіресе, оқушыларды облыстық музейде қойылған экспонаттар тамаша қызықтырды. Олар мұнда облыс суретшілерінің картиналарын және басқа экспонаттарды көрді. Мұнымен бірге оқушылар облыстық баспаханада, Октябрь кинотеатрында, балалар паркінде, паровоз депосында болды. Оқушылардың кәсіпорындарында болуы олардың алған теориялық білімдерін практикада көруіне, ол жөнінде терең мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Оқушылар Есіл бойында болған уақыттарында биология кабинетіне көптеген гербарий және түрлі жәндіктерден коллекция жыйнады.

Радиотораптары

Соңғы жылдары ауданның бірқатар колхозы деревнялары радиоландырылды. Олар радио арқылы ұлан-байтақ елімізде болып жатқан жаңалықтарды, еліміздің ішкі-сыртқы хабарларын, Москвадан, Алматыдан берілген әң-күйлерді үйде

Тұтынушылардың заңды талаптары

Ауыл-село еңбекшілерінің өнеркәсіп және азық-түлік товарлары жөніндегі талаптарын қанағаттандыруда негізгі жұмысты сауда орындары атқаратын болғандықтан партия мен үкметіміз совет сауда жұмысына, оның ауыл-село еңбекшілерінің тұтыну тілектерін қанағаттандыру ісіне ерекше назар аударып отыр. Совет сауда жұмысы — нежұрайлыққа, жауапкерсіздікке, еңбекшілердің дабылына құлақ аспау сияқты төрешілдіктің көріністеріне төзбейді.

Алайда, кейбір сауда орындары басшыларының өздері сауда жұмысына жеткілікті мән бермей, еңбекшілердің тұрмыстық қажеттерін өтеуге нежұрайлық қарайды. Мәселен, Ленин ауданының «Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артелидегі дүкенде жыл басынан бері аяқ киім, костюм, пальто, калош және керосин болған емес. Бұл жөнінде Явленка селолық тұтынушылар қоғамының басшыларына бірнеше рет айтылды. Дүкенде жоқ нәрселердің тізімдері де берілді. Олар костюм, пальто, калош және басқа аяқ киімдердің келтірілмеуі себепін сураған адамға: «дүкендерге тым қымбат бағалы товарларды жіберуге болмайды» деп жауап береді. Ал, керосиннің жоқтығын құятын «ыдыс жоқ» деген сылтаумен бүркемелейді.

Явленка селолық тұтынушылар қоғамы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жаңадан дүкен саламыз дегеніне екі жыл болды, бірақ жаңа дүкен салу жұмысы осы күнге дейін қолға

алынған жоқ. Мұндағы дүкеннің төбесіне салынған сырғауылдардан тіреулердің саны көп.

Сол сияқты, «Орталық», Калинин атындағы, Ленин атындағы колхоздардың дүкендерінде де көпшілік тұтынатын товарлар жеткілісіз. Оларды жеткізуге Ленин аудандық тұтынушылар одағының басшылары шын мағынасында көңіл бөлмей отыр деп айтсақ артық болмайды.

Сауда жұмысындағы мұндай кемшіліктердің орын алып, ол әрқайсымаз болғанымен жойылмай отырған себебі — Ленин атындағы, Калинин атындағы және «Орталық», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарындағы бастауыш партия ұйымдары сауда жұмысының жайымен таныспайды. Өнеркәсіп және азық-түлік товарларын үнемі жеткізіп тұру жөніндегі еңбекшілердің заңды талаптарын жүзеге асыру үшін ауданның партия, совет ұйымдарының және сауда орындарының алдына талап қоя білмейді.

Сондықтан сауда жұмысын жақсарту үшін және көпшілік тұтынатын товарлармен еңбекшілерді үнемі қанағаттандырып отыру үшін жергілікті партия, совет ұйымдарының жұмысын жақсарту керек. Осы сауда жұмысын еңбекшілердің өскелең талаптарының дәрежесіне сай жақсартуға болмайды. Міне, осы себепті бастауыш партия ұйымдары жергілікті сауда жұмысына бақылауды күшейтіп, басшылықты жақсартуға тиіс.

Н. МАҒАЗОВ.

Жаңа өнім

Қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артели бұрын ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне жылы фуфайкелер, комбинзондар, гимнастеркалар және басқа киімдерді әзірлеуші еді. Жақында артель жаңа өнім шығаруға кірісе бастады.

Жаңа өнім шығармастан бұрын оған бірер айдай әзірлік жұмыстары жүргізілді. Артель тігіншілері жұмыс уақытынан кейін қалып, жаңа өнім — ерлердің көйлектерін тігуді үйренді. Тігіншілерге көйлек тігуді үйретуде артельдің техно-ругі Лаптев жолдасдың еңбегін атап өтуге болады. Ол 1927 жылдан бері осы артельде үзбей жұмыс істеп, жас маман тігіншілердің мамандығын арттыру ісіне көп еңбек сіндіріп келеді. Оның шәкірттері кәзір тек «Бірінші май» артелиінде ғана емес, қаланың басқа артельдерінде және «Комсомолка» тігін фабрикасында жұмыс істеп жүр.

Артель тігіншілерінің көпшілігі ерлер көйлегін тігуге кірісіп, жаңа өнімді көптеп беруде. Бұл өнімді шығаруда жұмыс істейтін 80 адам азғана уақыттың ішінде 7200 көйлек тікті. Олардың бәрі де қала магазиндерінде сатылып, тұтынушылардан жақсы деген баға алды. Жашнай-ерлер көйлегін түту цехын Вострыкова жолдас басқарады. Ол өз ісіне маман, тігіншілерге жұмыс үстінде көмек көрсетіп,

олардың еменалық және айлық тапсырмаларын асыра орындауына үнемі көмектесіп отырады. Цех тігіншілерінің барлығы да көйлек тігу сияқты өнімнің жаңа түрін айтарлықтай меңгерген.

Бұлардан басқа 20 тігінші костюмдер тігуге үйренуде. Енді аз уақыттан кейін бұл тігіншілер де костюмдер тігу мамандығын меңгеріп, жаңа өнім беруге кірісе бастайды.

СОБП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы артель тігіншілері арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызды. Тігіншілер бұл қаулыға жауап ретінде өздеріне көтерілгі міндеттемелер қабылдады. Ауыл шаруашылығы еңбекшілерін түрлі киімдермен қамтамасыз етуге міндеттенді.

Бұл күндері артель тігіншілері алған міндеттемені орындау жолында қақырлы еңбек етуде. Олардың барлығы да еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын арзандату жөніндегі социалистік жарысқа ұшқасқан. Сол сияқты, озат тігіншілердің іс-тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыру ісіне де баса көңіл бөлінеді. Мұның бәрі еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге, сойтіп, алған міндеттемені аброймен орындап шығуға көп мүмкіндік береді.

М. НУРЖАНОВ.

барлық кеңалымды шөп машиналарын жұмысқа дүгелімен қосуды қажет деп таныған. Олар өздігінен жүретін 12 шөп машинасын жөндеуді кезінде ұйымдастырмаған. Ал, жұмысқа қосылған басқа машиналардың жұмыс өнімділігі төмен. Техникалық жарамсыздықтан күн сайын 10—15 шөп машинасы жұмысқа қосылмай тұрады. Пішенні механизаторлардың көпшілігі күзделік жұмыс тапсырмаларын орындамайды. Мәселен, МТС қамтуындағы Аманкелді атындағы колхоздағы өздігінен жүретін шөп машинасы техникалық жарамсыздықтан бірнеше жұмыс күнін босқа өткізген.

МТС басшылары кеңалымды шөп машиналарының кейбір машинистерін өз ісіне жауапсыз қарайтын, машинаның тетігін жете білмейтін адамдардан тағайындаған. Бұл да шөп шабудың қарқыны баяу болуына негізгі себеп болуда. Бұған бір мысал келтірейік. Молотов атындағы колхозда өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі Павлик күнделік жұмыс тапсырмасын толық орындауды қажет деп есептемеген. Тіпті ол ешкімнің рұқсатынсыз соңғы екі күн жү-

ртуды кезінде жүргізуге ауданның қай МТС-інде болсын күш-мүмкіншілік жеткілікті.

Алайда, Преснов ауданның МТС-терінде тракторлардың қуаты пар жұртуға өнімді пайдаланып келеді. Көп колхоздарда тракторлардың босқа тұрушылығы жиі кездеседі. Тың және тынайған жерлерді игеруге байланысты Майбалық МТС-інде тың көтеру үшін 9 арнаулы трактор бригадасы ұйымдастырылған болатын. МТС басшылары бұл бригадаларды таратып жіберіп, техниканы бұрынғы бригадалардың құрамына берген. Мұның өзі техниканы жұмысқа пайдалануда елеулі кемшіліктерге жол беруде.

Партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттарға тұрмыстық жағдай жасалмаған. Осы себепті Аманкелді атындағы колхоздан 5 тракторшы мен 4 тіркеуші жұмысты тастап кетіп қойған. Ал, колхоз председатели Кеженов жолдас тракторшыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге кемқетті қарап жүр.

Мұнымен бірге, МТС басшылары трактор бригадаларында еңбектің дүрыс ұйымдастырылуына жетісе алмай келеді. Тракторшылардың көпшілігі сменалық

жұмыс түрін қолдану керек» дегеннен басқа ештеңе демей кетіп отырды. Тіпті ол колхоздың трактор және пішеншілер бригадаларында болып, колхозшылар мен механизаторлардың жұмыс жайымен танысуы да қажет деп таппады. Міне, сондықтан да Майбалық МТС-нің қамтуындағы колхоздарда үгіт-бұқаралық жұмысы тиісті дәрежеде емес.

Мұндай кемшіліктерді Преснов МТС-інде де кездестіруге болады. Аудандық партия комитетінің бұл МТС аймағы жөніндегі секретары Бабкин жолдас «Сталин жолы», «Прибой», «Новый свет» колхоздарының трактор бригадаларында болған уақытта механизаторлар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың жайымен танысады. Оның да жұмыс әдісі колхоз басшыларымен әңгімелесіп, кезекті колхозға жүріп кетумен ғана аяқталды.

Преснов ауданында шөп шабу, пар жұрту жұмыстарының қарқыны осындай төзгісіз жағдайда. Сондықтан аудандық партия комитеті мен Совет атқамы орын алған кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, оны мінсіз жүзеге асырулары керек.

Т. КӘДИРОВ,
ПРЕСНОВКА. (Арнаулы тілшіміз.)

Кәзір «Заря коммунизма» колхозында жаңа радиоторабы салынууда. 250 колхозшының үйінде радиоточкалар орнатылды. Енді аз күннен кейін колхоз радиоторабы пайдаланылуға беріледі. Сол сияқты, Чапаев атындағы миллионер колхозда да колхоз радиоторабын салу жұмысы аяқталып келеді.

Жұмысшы жастар орта білім алды

Мамлют селосында өндірістен қол үзбей оқыттын жұмысшы жастардың кешкі мектебі бар. Быйыл осы мектептің X класын 12 адам бітіріп, көмелеттік аттестат алды. Солардың бірі — Отан соғысының мүгедегі Мишкарев жолдас. Ол X класты үздік бағалармен бітірді. Мишкарев жолдас Омскінің ауылшаруашылық институтына түсіп, агроном мамандығын алмақ. Сол сияқты, мектепті бітірген басқа жұмысшы жастар да еліміздің жоғары оқу орындарына оқуға барады.

ДОСТЫҚ КӨМЕК

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасы Соколов ауданындағы «Путь Ленина» колхозын қамқорлыққа алған болатын. Фабриканың тігіншілері қамқорлыққа алынған бұл колхозда жиі болып тұрады. Сол сияқты «Путь Ленина» колхозының колхозшылары да жұықта фабрикаға кетіп кетті.

Фабрика «Путь Ленина» колхозының балалар яслине арнап 53 матрас, 53 простына, 50 жастықтың тысып, 39 ормал және басқа бірқатар бұйымдар тігіп берді. Мұнымен бірге фабрика коллективі колхоздың шөп шабу жұмысына көмектесу үшін 63 адам жіберді. Олар бұл күндері колхозшылармен ынтымақтаса оты-

рып, колхоздың шабындық далаларында шөп шабу, үй бны мал фермаларына тақсу жұмыстарында қажырлы еңбек етуде. Фабрика жіберген бұл адамдар колхозда бір айдай болады. Фабрика коллективі етін орағы кезінде де айдап артық мерзімге тағы да көптеген адамдар жіберуге ұйғарып отыр.

Жұықта комсомол комитетінің секретары Галина Гальцева бастаған 13 тігінші «Путь Ленина» колхозына барады. Онда тігіншілер шөпшілер мен механизаторларға өздерінің көркемөнер шеберліктерін көрсетіп, концерттер қойып береді.

Ш. СЕРҒАЛИЕВ.

Колхоздағы құрылыс

Соколов ауданының Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінде колхозшылар үшін тұрғын үй, қоғамдық мал үшін стандартты мал қораларын салу жұмыстары қызу жүргізілуде. Быйылғы жылдың өзінде ғана 150 бастық екі стандартты сыйыр қорасы салынды.

Көптеген артель мүшелері өздеріне тұрғын үй салып жатыр. Бұған колхоз бас-

қармасы үлкен көмек көрсетуде. Басқарма артель мүшелеріне тұрғын үйлер салу үшін 200 текшеметр құрылыс материалдарын, көлік және ағаш шеберлерін бөледі. Жақында 17 артель мүшесі жаңа тұрғын үйлерге көшті. Енді аз уақыттан кейін тағы да 17 артель мүшесі құрылыс жұмыстарын аяқтап, жаңа тұрғын үйлерге көшетін болады.

Ялтадағы әдеби ескерткіш

Айналма көше Ялта қаласының шет жағына — Чехов поселкесіне апарады. Мұнда жеңіл қоршаудың ішінде орыстың ұлы жазушысы Антон Павлович Чехов өз өмірінің соңғы жылдарын өткізген, ақ тастан салынған үй бар.

Жазушы қайтыс болғаннан кейін мемориалдық музейге айналдырылған Чеховтың үйі бір кезде құлазыған далаға салынған еді. Музейдің негізін қалаушы және оның үзбестен қызмет етіп келе жатқан директоры Чеховтың қарындасы Мария Павловна бұл кезді былай деп еске түсіреді: «...Біз бұл үшбестекке келген кезде менің көз алдымда бейне бір таңқаларлық көрініс көрінді: ескі, тозығы жеген, талмен қоршалған жеміс бағы. Ешқандай ағаш, түбір немесе ешқандай құрылыс жоқ».

Үйдің құрылыс жұмыстарын аяқтау үшін жазушы өзіне тиімсіз шарттар бойынша өзінің барлық шығармаларының бастыру правосын сол кездегі орыс баспашысы А. Ф. Маркске сатуға мәжбүр болды.

1899 жылдың күзінде Антон Павлович жаңа үйге көшті. Мұнда ол өзінің тамаша шығармаларын: «Ит ерткен әйел», «Архиерей», «Қалыңдық» әңгімелерін, «Шиселі бақ», «Үш апалы-сіңлілер» пьесаларын, тағы басқаларын жазды.

Бүгін бұл үйде күн сайын көптеген жұмысшылар мен колхозшыларды, жазушылар мен оқытушыларды, инженерлер мен оқымыстыларды, шетелдерден келген қонақтарды көруге болады. Бір бөлмеден соң бір бөлмелерге кіріп, олар қарапайым және бауырмал, ілтипатты және сезгіш жүректі адамның, өз Отанының адал патриотының бейнесін бейнелейтін документтермен, экспонаттармен танысады.

...Міне асхана бөлмесі. Мұнда барлық

мемориалдық бөлмелердегідей Чеховтың тірі кезіндегі сыяқты жағдайлардың бәрі сол қалпында сақталған. Бөлменің ортасында дастарқанмен жабылған тамақ ішетін сырғымалы стол тұр. Оның үстінде — гүл өсіру үшін қалдықтар фарфор вазасы. Бұрышта — пианино. Онда бір кезде орыс музыка мәдениетінің атақты қайраткерлері — Рахманинов, Спендиаров және басқалары отырған еді. Бұл пианинаның жанында Ф. И. Шаянмен бірнеше рет өлеңдер орындаған болатын.

Стендтің үстіндегі жазушының портретінің астында қызыл ленталмен байланған пальма жапырағын көруге болады. Қызыл лентала: «орыс шыңдығының терең талдаушысы Антон Павлович Чеховқа» деген жау бар. Бұл пальма жапырағы Москва-ның көркем театрының ауру жазушыға оның пьесалары «Шағаланы» және «Ваня ағай» пьесаларын көрсету үшін Ялтаға келгендігінің ескерткіші.

Асханадан галереяға, одан балконға шығуға болады, бұл жерден Чеховтың кезінде теңіз және Ялта түгелдей көрінетін еді. Кәзір бұл пейзажды бұдан жарты ғасырдан бұрын отырғызылған ағаштар қоршап, көрсетпейді. Балконның жанында үлкен сандал кипарис ағашы бар. Мария Павловна оны жазушы қайтыс болған жылы, өз ағасына ескерткіш ретінде кабинет терезесінің алдына елкен еді.

Экскурсанттар Чеховтың жұмыс кабинетіне көп тоқталады. Мұнда Антон Павлович отырып, өзінің өлмес шығармаларын жазған жазу столы тұр. Стол үстінде «Қалыңдық» әңгімесі қолжазбасының бірінші бетінің факсимилі және жазылмаған таза қағаздар бар. Оның жанында сыя сауыт, жарығымен Чехов соңғы рет жұмыс істеген, жанып бітпеген май шамының білетесі тұр. Білетенің жанында — Қырым жөніндегі екі түсінік кі-

тап, жазушының атына келген бандерольдар бар.

Музейге келушілердің назарын үш йелдің фигурасы салынған қола шкатулка аударады. Ол Чеховқа «Үш апалы-сіңлілер» пьесасын бірінші рет қойғаннан кейін тартылуын сыйлық еді. Сол арада таза шыныдан жасалған бокал мен жазушы пайдаланған қалам және қарындаш салынған поднос, Чеховқа Ғылым академиясы құрметті академик ретінде жіберген В. А. Жуковскийдің суреті салынған үлкен қола медаль бар. Стол үстінде стетоскоп, балға, плессиметр жатыр. Бұл медициналық құралдарды Чехов поселканың кедей тұрғындарына ақысыз медициналық көмек көрсеткен кезде пайдаланған болатын.

Жазу столына жақын бұрышта жұмсақ диван тұр, мұнда жазушы ылғый дем алатын. Диванның үстіндегі жағында Левитанның «Истра өзені» картинасы. «Үйі менен бай болса, сонымен қуанышты» деген жазуы бар үлкен ағаш табақ қызықты реликвияның бірі. Оның тарихы мынадай. Мелиховте тұрған кезде Чехов өзінің көп уақыты мен күшінің қоғамдық қызметке бөлді. Ол шаруаларға медициналық көмек көрсетуден бас тартпай ғана қойған жоқ, сонымен бірге жолдары жақсарту туралы ізденді, жер шаруашылығы туралы жыйналыстарға қатысты. Мелихов пен оған жақын жердегі Талез, Новоселка селоларында жазушы өз қаражатына шаруалар балалары үшін мектеп салдырды. Новоселкада салынған мектептің ашылуында шаруалар Чеховқа ағаш табаққа салып нан мен тұз тартты, бүгінгі үй-музейде тұрған табақ сол.

Музейге келгендердің назарын пештің үстінде тұрған заттар аударады. Олардың ішінде — Антон Павловичқа жазушы Сахарин аралында болған кезде айдауда

жүргендердің бір сыйлаған мыс қоңырау. Бұл сапар Чеховқа патшалық құрылыстың ауыр айыптаушысы болып естілген «Сахарин аралы» кітабы үшін материалдар берген еді.

Көптеген экспонаттар белгілі орыс жазушыларының, артистерінің, суретшілерінің Чеховтың үйінде болғандығы туралы айтады. Мұнда Горький, Куприн, Короленко, Мамин-Сибиряк тағы басқа көптеген адамдар болған еді. Көп келетін қонақтардың бірі Горький болатын. Екі ұлы жазушы кабинетте, асханада, осы күнге дейін сақталған және «горькийді» деп аталатын бақша ішіндегі орындықта отырып, ұзақ әңгімелесуші еді.

Үй кітабының ашық жатқан бір бетінде жазылған жазу А. М. Горькийдің осы үйде тұрғандығын анықтайды. 1901 жылдың декабрьде Алексей Максимович Ялтаға келгенде оны бақылауда жүрген адам ретінде үйге туру үшін рұқсат бермеген болатын. Ал, Чехов қала территориясына кірмейтін Аутка деревнясында тұрды. Ол Горькийді өз үйіне жаздырып алды. Дегенмен полиция мұнда да Горькийді «назардан» тыс қалдырмады. Антон Павлович өзінің бір хатында әйеліне былай деп жазады: «... А. М. осында, дені сау. Менде тұрады және біздікіңде тұратын болып жазылған. Бүгін становой келіп кетті...» Тағы бір хатында былай деп хабарлайды: «... Становой жана телефон арқылы Горькийдің қайда екендігін сұрады...».

Жазушының ұйықтайтын бөлмесінде жабайы темір кровать тұр. Ол Антон Павловичтың кезінде қалай жыйналған болса, кәзір де солай жыйналған. Өзінің ауруы асқындаған кезде Чехов осы кроватьтың үстінде отырып жұмыс істеген еді. Оның жанындағы кішкентай столдың үстінде кәзір де «Исторический вестник» кітабының 1904 жылғы номері жатыр, онда М. Фалеевтың «Дуалдер» туралы мақаласының үстіне ағаш пышақ қойылған,

бұл мақаланы Чехов ең соңғы рет оқыған еді.

Тарихи үйдегі ұлы жазушының өмірімен байланысты жыйналған экспонаттардың бәрі атап өту қыйын.

Міне, Антон Павловичтың құрметті академик атағынан бас тартатындығы туралы арызы. Бұл арыз патшаның указы бойынша Алексей Максимовичтің саяси «сенімсіз» адам ретінде бақылауда жүргендігі үшін А. М. Горькийді құрметті академик етіп сайлаудың күшін жоюына байланысты жазылған болатын.

Шынының астында квитанция кітапшасы сақтаулы. Ол жазушының Ялтаға әмделуге келген туберкулез ауруымен ауырған адамдарға жасаған үлкен қамқорлығын айғағы. Чехов кедей студенттер мен оқытушылар үшін санаторий ашуға ақша жыйнаған болатын. Оған ол өзінің әдебиеттік қаламақшысынан жыйнаған ақшасын қосып, кедейлер үшін кішкентай санаторий ашты. Кәзір үлкен және кедейтен бұл санаторий Чеховтың атымен аталады.

Асхананы, галереяны, кабинет пен жататын үйді қарап болғаннан кейін музейге келушілер 1940 жылы Мария Павловнаның инициативасымен құрылған музейлік-биографиялық бөлмеге бет алады. Мұнда жыйналған фотографиялар, документтер, жазушының өзі пайдаланатын және тұрмыста қолданылатын заттар Антон Павловичтың Таганрогтегі, Москвадағы, Мелиховтегі және Ялтадағы өмірі туралы баяндайды. Бұл комнатада «Чехов және МХАТ» «Чехов және кәзіргі заман», «Совет Одағында Чеховты мәңгі есте қалдыру» деген тақырыптарда экспонаттар көрсетіледі.

Музейде осы болудың нәтижесінде пікірлер мен әсерлер кітабында көптеген жазулар жазылады.

Олардың әр қайсысы—совет халқының өзінің жазушысына үлкен сүйіспеншілігінің айғағы. Міне, бір топ студенттер былай

деп жазады. «А. П. Чеховтың Музей-үйіне кірген кезде ұлы ескерткіше ылайық адамға деген зор сүйіспеншілік және құрметтеушілік сезімін бастан кешіресіз. Сөнің алдында өзінің сапалы өмірін халықты сүйеге, нағыз халықтық әдебиетке арнаған адамның бейнесі елестейді. Музейден шыққан кезде өзіндегі бардың бәрін Чехов қалай жұмсаған болса, солай жұмсауға, өмір сүруге, өлмес мұра жасауға және тудыруға күш жұмсағын келеді». Міне, тағы бір жазу: «Сіздің барлық өміріңіз, Антон Павлович, адамның бақыты үшін күрес ісіне берілді, біз де, коммунистік қоғамның жас құрылысшылары, Сізге көп борыштымыз. Біз Сізден өз Отанымызды сүйеді, адамды сүйеді үйренудеміз. Сіз сияқты, Антон Павлович, біз өзіміздің барлық өмірімізді халықтың бақыты үшін жұмсаймыз».

Пікірлер мен әсерлер кітабын аша отырып, ағылшын, неміс, француз, болгар, қытай, итальян және басқа да тілдерде жазылған көптеген жазуларды кездестіруге болады. Бұл жазулардың барлығы барлық дүниежүзі халықтарының орыстың ұлы жазушысы Антон Павлович Чеховқа деген зор сүйіспеншілігі туралы айтады.

Ұлы жазушыға тек ғана музей үйі ескерткіш болып табылмайды. Ялтада оның атымен байланысты көп жерлер бар. Қалалық театр, кітапхана, орталық көшелердің бірі, ең ақырында, түгелдей бір поселка Чеховтың атымен аталған.

Совет өкметі жылдарында Ялта танымастай өзгерді. Ол жасыл бақшалар мен парктерге бөленген тамаша, көркем курорт-қалаға, көптеген денсаулық сақтау орындары бар біздің Отанымыздың қымбатты жеріне айналды. Ол кәзір бір кезде Антон Павлович Чехов көруді арман еткен Ялта.

М. ТУРОВСКИЙ,

Ялта қаласы,
1954 жылғы июнь.

В. М. Молотовтың Женеваға қайтып келуі

ЖЕНЕВА, 8 июль. (СОТА). ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бүгін Женеваға келді.

Женева аэродромында В. М. Молотовты Вьетнам Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Фам Ван Донг, ССРО Сыртқы Істер министрінің орынбасары В. В. Кузнецов, Қытай Халық Республикасы сыртқы істер министрінің орынбасары Ли Тэ-нун, ССРО-ның Швейцариядағы кіші елшісі Ф. Ф. Молочков, ССРО, ҚХР және ВДР-дің Женева кеңесіндегі делегацияларының көшесшілері мен экспрестері қарсы алды.

В. М. Молотов баспасөз өкілдеріне мынадай мәлімдеме табыс етті:

«Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе бойынша Женева кеңесі өзінің жұмысын сыртқы істер министрлерінің қатысуымен таяу уақытта оған әрі жүргізуге тиіс болады.

Өткен екі аптадан аса уақыттың ішінде Женевада министрлер, өкілдер Женева кеңесінің жақсы нәтижелерге жетуі үшін едәуір маңызды болуға тиіс жұмыс істеді. Сыртқы істер министрлерінің келісімі қайта басталғанға дейін мен бірнеше күн дем алып, соңғы уақыттың ішінде мұнда істелген іспен неғұрлым нақтылы танысуға мүмкіндік аламын деп сенемін».

Келіссөздер жүргізу жолымен бейбітшілік орнатылсын

Чжоу Энъ-лайдың Дели мен Рангундағы келіссөздері туралы Нерудың пікірі.

ДЕЛИ, 7 июль. (СОТА). Делидің радиосы былай деп хабарлайды:

Индия ұлттық конгресінің штаттардағы бөлімшелері председателдерінің атына жазған хатында Неру былай деп көрсетті: ҚХР мемлекеттік өкімшілік советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Энъ-лайдың Дели мен Рангунда жүргізген келіссөздерінен кейін жарияланған мазмұндамалар Индия халқының еркін бейнеленді және Индияның сыртқы саясатының табиғи нәтижесі болып табылады. Бұл мазмұндамаларда көптеген бері болып жатқан жағдай бейнеленді, мұның өзі Азияның халықаралық аренада өзінің орнын алуына мүмкіндік береді. Бұл мазмұндамалардың маңыздылығы мынада:

мұнда шетелдің араласуынсыз және шетелдік идеологияны тануға әрекет жасалмайтын жағдайда барлық елдердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруге баса назар аударылды.

Индия, деп көрсеткен Неру, коммунистік идеологияны, сонымен қатар көптеген американдық идеяларын мойындамай отырса да, ол барлық елдермен достық қатынастар орнатуды, өзінің жеке дербестігінен айрылмай, олармен ынтымақтасуды тілейді. Нерудің пікірінше, бейбітшілік орнатуға бейбіт жолдармен ұмтылғанда ғана бейбітшілікті қамтамасыз етуге болады. Бейбітшілік мәселелерін шешкен кезде соғыс әдістерін қолдану логикаға қайшы келеді.

Чжоу Энъ-лай мен Хо Ши Мин арасындағы келіссөздер туралы мазмұндама

ПЕКИН, 7 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі Қытай Халық Республикасы мен Вьетнам Демократиялық Республикасы арасындағы келіссөздер туралы мазмұндаманың тексін хабарлады. Мазмұндамада былай делінген:

1954 жылғы июльдің 3-нен 5-не дейін Қытай-Вьетнам шекарасында Қытай Халық Республикасының премьері Чжоу Энъ-лай мен Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин арасында келіссөздер жүргізілді. Премьер

Чжоу Энъ-лай мен президент Хо Ши Мин Женева кеңесінің Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіру проблемасын талқылауы жайында және бұл мәселемен байланысты басқа проблемалары жайында өзара кең пікірлер алысты. Келіссөздерде: Вьетнам Демократиялық Республикасының Қытай Халық Республикасындағы елшісі Хоанг Ван Хоан және ҚХР-дің Женева кеңесіндегі делегациясының көшесшісі Цяо Гуань-хуа болды.

Кхмер халық-азаттық армиясы жоғарғы командованиесінің хабары

ШАНХАЙ, 8 июль. (СОТА). Вьетнам информативтік агенттігі былай деп хабарлайды:

Кхмер халық-азаттық армиясы жоғарғы командованиесінің бүгін жариялаған мазмұндамасында былай делінген: Кхмер

рольге қызмет етіп тұрған батальонды талқандады.

Пүнің екінші жартысының ішінде Кхмердің халық-азаттық армиясы Оңтүстік-Шығыс Кхмерде қыймылдарын күшейткен. Халықтық әскерлер дұшпан ба-

Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Миннің Вьетнам информация агенттігі директорының сұрақтарына қайтарған жауаптары

ШАНХАЙ, 8 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі мынаны хабарлады:

6 июльде Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин Вьетнам информация агенттігі директорының оған қойған бірнеше сұрақтарына жауап қайтарған. Сұрақтар мен жауаптар төменде келтіріледі:

1. Сұрақ: Президент мырза, Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселеге Женева кеңесінің прогреске жетуі және кеңестің перспективалары жөнінде Сіздің пікіріңіз қандай?

Жауап: Женева кеңесінде Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселедегі прогресс зор болмағандымен, соның өзінде де бірсыпыра проблемалар жөнінде келісімге қол жеткізілген бұл кеңес Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіруге жол ашты. Егер біздер сыяқты екінші жақта келіссөздер жүргізуді шын ниетпен тілесе және Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіруге бізбен бірге Индонезияда көп жігер жұмсаса, онда осы негізде Индонезияда бейбітшілік қалпына келтіріле алады. Біздің амығымас позициямызға сәйкес, Вьетнам Демократиялық Республикасы бейбітшілік, тәуелсіздік, демократия және Отанымыздың бірлігі үшін күресті оған әрі жүргізсе

беретін болады. Мұнымен қатар бұл екі жақтың уақытша бітім туралы келісім жасасуына кедергі болуға әрекеттеніп отырған, агрессивтік сипаттағы соғыс блогін құруды, және Индонезия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне өзінің агрессивтік блогін таңып, сөйтіп, бұларға өктемдік жүргізуді мақсат етіп, Азияны бір-біріне қарсы топтарға бөлуді көздеп отырған американдық империалистерінің жоспарлары жөнінде күшті қырағылық көрсетуге тиіс.

2. Сұрақ: ҚХР мен Индияның премьер-министрлерінің жуырда жасаған бірлескен мәлімдемесі, сондай-ақ ҚХР мен Бирма Одағы премьер-министрлерінің бірлескен мәлімдемесінің негізі туралы бізге хабарламас па екенсіз, құрметті президент мырза?

Жауап: ҚХР мен Индия Республикасы премьер-министрлерінің жасаған бірлескен мәлімдемесінің, сондай-ақ ҚХР мен Бирма Одағы премьер-министрлерінің бірлескен мәлімдемесінің орасан зор маңызы бар. Бірлескен бұл екі мәлімдеме бүкіл дүние жүзі халықтарының, әсіресе, Азия халықтарының бейбітшілікке ұмтылып отырған ынты-ниетіне сай келеді. ҚХР мен Индия республикасының премьер-министрлерінің бірлескен мәлімдемесінде, сондай-ақ, ҚХР

Шығыс пен Батыс арасындағы сауда мәселелері туралы ағылшын-американ келіссөздері

ВАШИНГТОН, 8 июль. (СОТА). Кеше 3 июльде басталған шетелдер операциялары басқармасының бастышы Стассен мен ағылшын сауда министрі Торникрофт арасындағы келіссөздер аяқталған.

Жарияланған қысқаша мазмұндамада Батыс пен Шығыс арасында сауда жөніндегі мәселелерді талқылаған келіссөздер бірқатар проблемалар жөнінде келісімге келуге мүмкіндік берді делінген.

ПАРИЖ, 8 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі шолушысының хабарына қарағанда, «Стассен мен Торникрофттың арасында Шығыс пен Батыс арасындағы сауда туралы мәселе жөніндегі Вашингтонда аяқталған келіссөздер және Черчилль мен Эйзенхауэрдің жуырда болып өткен келіссөздері кезінде қабылданған қарарлар ағылшындар мен американдықтар пікірлеріндегі қайшылықтарды тек азғантай ғана дәрежеде азайта алды... Шығысында бұл келіссөздер ағылшындар ойлаған нәтижеге тіпті де жеткізілген жоқ».

«Рас, екі жақта келіссөздер кезінде біраз жеңілдіктерге көнді, бірақ, ағылшындар басты мәселелер деп есептейтін бірқатар мәселелер бойынша әлі де болса

Франция ұлттық жыйналысында

ПАРИЖ, 7 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, депутат-социалист Макс Лежен ұлттық жыйналыстың ұлттық қорғаныс комиссиясының председателі болып сайланған. Комиссияның мүшелері — коммунистер «европалық қорғаныс бірлестігін» құруға және Индонезияға тұрақты әскерлер жіберуге қарсы адамға дауыс береміз деп мәлімден, Леженді жақтап дауыс берген.

ПАРИЖ, 7 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, ұлттық жыйналыстың заң шығару және юстиция мәселелері жөніндегі комиссиясы бүгін 23 дауыспен «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договорды бекітуге қарсы пікір айтып, Палевскийдің баяндамасын мақұлдаған, бұған 15 дауыс қарсы шыққан. (Палевский — «адеуметтік республикашыл», бұрынғы деголльшіл).

Мендес-Франстың ұлттық жыйналыста сөз сөйлеуі

ПАРИЖ, 7 июль. (СОТА). Ұлттық жыйналыстың бүгін күндізгі мәжілісінде француз үкметінің басшысы Мендес-Франс сөз сөйледі. Ол өз үкметінің Индонезиядағы соғыс даласында жүргізіп отырған шараларына тоқталды. Мендес-Франс ең алдымен Индонезиядағы соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келіссөздер жүргізу үшін өзінің алдағы уақытта Женеваға баратынын хабарлады. Мендес-Франс бұл келіссөздердің ойдағыдай аяқталатынына үміт білдірді. Ол былай деді: «мұның (келіссөздердің) — редакцияның ескертуі) өте жақсы және құрметті түрде аяқтатынына сенуге біздің жеткілікті негіздеріміз бар екенін мен бұған дейін

«экспедициялық корпусның аман сақталуын қамтамасыз етуге және жергілікті жерде жеткілікті түрде қуатты соғыс аппаратын ұстап тұруға...» тіс болды.

Француз үкметінің басшысы бұдан кейін мынадай сөздер айтты: Индонезиядағы экспедициялық корпусы нығайтудың соғыс шаралары соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келіссөздер сәтсіздікке ұшырайтындай жағдай үшін жүргізіліп отыр-мыс, ал «егер Индонезияда соғыс қайта басталуға тиіс бола қалса, онда тек байырғы әскерлерді ғана пайдалану экспедициялық корпусы едәуір қосымша күштермен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермеген болар еді, бұл қосым-

АТОМ ЖӘНЕ СУТЕГІ ҚУРАЛДАРЫН ТЫЮ НЕРЕК

ЛОНДОН, 8 июль. (СОТА). Пресс Ассошиэйшн агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін ағылшын теміржолшыларының ұлттық кәсіподақтарының жыл сайын болатын конференциясында атом және сутегі бомбаларын қолдануды және оны шығаруды тыю туралы келісімге келу мақсатымен халықаралық конференция шақырған қарар бірауыздан қабылданған.

АМЕРИКАН ЖУРНАЛИСІНІҢ МОЙЫНДАУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 7 июль. (СОТА). «Дейли уорли» газетінің шолушысы Дрю Пирсонның мойындауына, американдық соғыс-теңіз авиациясының самоләті советтік «Туалсе» танкері қолға түсірілуден бұрын — оның үстінде ұзақ уақыт айналып ұшып жүрген. «Самолет чанкайшылықтармен тікелей байланыс жасап, олардың танкерді қай жерде басып алуға болатын ауданды көрсетіп берген».

БРАЗИЛИЯДА КОММУНИСТІК ҚУДАЛАУ

НЬЮ-ЙОРК, 8 июль. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Рио-де-Жанейродан берген хабарына қарағанда, полиция соңғы он күн ішінде тыйым салынған Бразилия компартиясының немесе оған тілектестерден 29 адамның тұтқындалғанын жариялаған.

7 июль күні көпше полиция Бразилия компартиясы секретарының міндетін атқарушы Амарилио де Васконселосты тұтқындаған.

ДАЛЛЕСТІҢ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ-ЙОРК, 8 июль. (СОТА). Нью-Йорк радиосының хабар еткеніндей АҚШ-тың мемлекеттік секретары баспасөз конференциясында сөз сөйлеп, Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы правосын қалпына келтіру жөніндегі мәселе туралы Эйзенхауэрдің пікірін қайталап, мәлімдеме жасаған. Даллес былай деп мәлімдеген: Қытай Халық Республикасын Хауіпсіздік Советіне жібермеу үшін АҚШ veto правосын қолданады.

ГОМИНДАН ОФИЦЕРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 8 июль. (СОТА). Рейтер агенттігі Кеше Сан-Францискода гоминдан офицері соғыс-теңіз флотының капитаны Сюань Вэ-вэйдің баспасөз конференциясын өткізгені туралы хабарлайды, ол өзіне саяси қашқын есебінде право алған болатын. Ол былай деп хабарлаған. Тайваньның концентрациялық лагерлерінде «коммунист емес, бірақ Чан Кай Шидің саясатына риза емес» көптеген адамдар отыр. Сол сыяқты, Сюань Вэ-вэй сенімді адамдардан өзінің «көптеген қатал жазалаулар болғандығын естігендігі» туралы айтқан.

ИНДИЯДА ЖАҢА СУАРУ ЖҮЙЕСІ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

ДЕЛИ, 8 июль. (СОТА). Индия информативтік бюросының хабарына қарағанда, Индияда жаңа суару жүйесінің құрылысы аяқталды.

халық-азаттық армиясының бөлімдері Компоинг-чама қаласының Оңтүстік-Шығыс жағында жуырда американдар құрып, жабықтаған және Қамбоджаның ко-

қылап тұрған жолдарды қыйратып, бұл аудандағы француз күзеттеріне хауіп төндірген. 12 мың халықты азат еткен.

Вьетнамда соғыс тұтқындарын алысып-берісу

ШАНХАЙ, 8 июль. (СОТА). Вьетнам информация агенттігі былай деп хабарлайды:

Туң-Жидағы соғыс кеңесі жаралы соғыс тұтқындарын алысып-берісу жабында қабылдаған қарарды орындай отырып, Индо-Қытайдағы француз командованиесі делегациясының басшысы былай деп жариялаған: Вьетнам халық армиясының командованиесі француз әкспеди-

циялық корпусының 200 жаралы және ауру соғыс тұтқындарын 14 июльде екі пунктке: Вьет-Григе (Фу-То провинциясында) және Нга-Сонга (Тан-Хай провинциясында) жеткізіп беруді ұйғарды.

Француз командованиесінің делегациясы өз тарапынан былай мәлімдеген: Вьетнам халық армиясының жаралы және ауру соғыс тұтқындары да жоғарыда көрсетілген екі пунктке жеткізіледі.

17 октябрь—ГДР Халық палатасының сайлау күні

БЕРЛИН, 8 июль. (СОТА). АДН агенттігінің хабарлағанындай, Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының председатели Йоганнес Дикман, демократиялық блоктың ұсынысын қабылдап, ГДР конституциясының 58 статясына сәйкес Халық палатасының сайлау

күнін 1954 жылғы 17 октябрьге жексенбі күніне тағайындаған. Сонымен бірге ол Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевальден Халық палатасына бекіту үшін сайлау заңының жобасын тапсыруды сұраған.

Герман Демократиялық Республикасында зиянкестер тобына сот

БЕРЛИН, 8 июль. (СОТА). АДН агенттігі былай деп хабарлайды: кеше Одердағы Франкфурте бір топ зиянкестердің — Вильгельм Вольфтин, Оскар Вольфтин, Ганс-Ноахим Кругтың, Генрих Конецке-ның, Конрад Мюллердің, Пауль Рейнердің, Рейнгольд Хойслердің, Вальтер Гольцтың және Гюнтер Нитхенің ісі бойынша сот процесі басталды.

Айыпкерлер 1952 жылдан бастап Ангермюнде ауданында, Пользен халық же-

рінде саботаждықтар ұйымдастырумен үнемі шұғылданған. Зиянкестер халық иемлігіндегі майдарды әдейі жұрдалы ауруларға ұрындырған, соның салдарынан 3350 шошқа өліп, барлық қарамалдар ауруға ұшыраған. Өздерінің зиянкестік әрекеттерімен олар мемлекетке 1 миллион марка шамасында зиян келтірген.

Айыпкерлер елде бұрынғы помещиктік құрылысты қалпына келтіруге тырысқан.

Американдықтардың Ирандағы тіміскіленуі

ТЕГЕРАН, 8 июль. (СОТА). «Эттехаде милли» газеті былай деп жазады: «Иран армиясы күн асқан сайын күшейтілуде және Орта Шығыстағы басқа елдермен үлкен ынтымақ жасау үшін дайындалуда. Американдық соғыс көмегі күн сайын күшейе түсуде».

Еліміздің Солтүстік Батыс аудандарында болған біздің тілшілеріміздің бірі, деп жазады газет, былай деп хабарлады: онда «барлық жерлерде Иран шекараларын нығайту шаралары дайындалуда. Қысқасын

айтқанда, деп жазады газет, болашақтағы халықаралық үлкен оқиғаларда Иран да белгілі роль атқаратын болады.

Газет былай деп атап көрсетеді: сол сыяқты «Иранның соғыс-әуе күштерін нығайту үшін шешуші шаралар» қолданылған.

Сонымен Иран газеті Иранды Түрік-Пакистан соғыс блогіне тартуға және Иранда соғыс дайындықтарын барлық жағынан күшейтуге бағытталған АҚШ-тың тіміскіленуін дәлелдейді.

АҚШ-тың атом заводтарындағы жұмысшылардың ереуілі

НЬЮ-ЙОРК, 8 июль. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің тілшісі Окридждан АҚШ-тың атом өнеркәсібінің тарихында бірінші рет Окриджа мен Падьюктегі атом заводтарында жұмысшылардың ереуілі бастағаны туралы хабарлайды. Окриджда шамамен алғанда 3 мың жұмысшы, ал Падьюкте 971 адам ереуіл жасауда. Ереуілшілер—газ, кокс және химия өнеркәсібі кәсіподақтарының (өндіріс кәсіподақтары конгресіне кіреді) мүшелері жалақының арттырылуын талап етуде.

Президент Эйзенхауэр атом қуаты жөніндегі комиссияның председатели Страус оған ереуілдің «үлттық хауіпсіздікке ха-

уіп туғызып отырғандығы туралы хабарлағаннан кейін, бұл қайшылықты тексеру үшін арнаулы комиссия тағайындаған. Тілшінің хабарына қарағанда, үкімет өкілі былай деп мәлімдеген: егер заводтар 48 сағат тоқтайтын болса, онда түтік арқылы өтетін материалдар бұзылады, ал, онда бұл заводтарды қайтадан салуға тура келуі мүмкін.

Өндіріске бақылау жасау атом қуаты жөніндегі комиссияның осы заводтағы дел-далы болып табылатын «Юнион карбит энд карбон корпорейшн» фирмасының «аға қызметкеріне» тапсырылған.

қайшылықтар бар». Шолушының атап көрсеткеніндей, АҚШ-тегінде, ағылшындықтардың «ССРО-ға және халықтық демократия елдерге апаруға тыйым салынған товарлар тізімінен бірқатар станоктар мен түрлі типтегі кемелерді шығаруға» ұмтылып отырғандығына өзінің қарсы екендігін сақтаса керек.

«Мазмұндаманың қысқалығы Стассен мен Торникрофтың арасындағы келіссөздердің «консультативтік» сипатынан болды деп ресми түсіндірілгенмен,—дейді онан әрі шолушы,—тегінде, ол әлі жойылмаған басқа қайшылықтар туралы түсіндіреді: сөз экспортке бақылау қоюға өтпес енгізудің қай уақытта болатын күні туралы болып отыр... (Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне). Жалпы алғанда,—деп сжазды шолушы өзінің қорытындысында,—Стассен мен Торникрофтың келіссөздерінің нәтижесі Лондон саясаты мен Вашингтон саясатының арасында орын алып отырған қайшылықтарға байланысты ешқандай таңырқаушылық туғызабауға тиіс»....

Оңтүстік-Шығыс Азия мәселесі жөнінде ағылшын-американ келіссөздері

ЛОНДОН, 8 июль. (СОТА). Рейтер агенттігінің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда, кеше «өте құпия түрде» Оңтүстік-Шығыс Азияда Құрама Штаттар ұсынған соғыс одағын құру үшін «негіздер белгілеу туралы» ағылшын-американ келіссөздері басталған.

Ағылшын елшілігінің өкілі елші Робендон Скотт пен АҚШ-тың мемлекеттік секретарының орынбасары Бедделл Смиттің көшегі кездесуінен кейін ешқандай мәлімдеме жасалмаған, ресми адамның мәлімдемесіне қарағанда, бүгін жаңа кездесудің болуы а болмауы оларға мәлім емес.

Мемлекеттік департамент өкілі келіссөздерді «Оңтүстік-Шығыс Азия үшін пакті жасау туралы келіссөздермен байланысты мәселелерді шешу және ұйымдастыру жұмыстарын талқылау үшін жасалған алдын-ала кеңес» деп атаған.

ОБЛЫСТЫҢ ДРАМА ТЕАТРЫНДА

9 ИЮЛЬ ДЕН

КУЗБАСС МУЗЫКАЛЫ КОМЕДИЯ

ТЕАТРЫНЫҢ ГАСТРОЛІ

басталды

10 К Е Т О ж а н е К О Т Э

11 Ш Е Л Ь М Е Н К О Д Е Н Ш И К

12 М А Л И Н О В К А Д А Г Ы Қ У Д А Л Ы Қ Т О Й Ы

13 Т Р Е М Б И Т А

14 М А Р И К А Н Ы Ң Б А Қ Ы Т Ы

15 Т Е Ū І З Т У Й І Н І

16 Қ Ы З Д Ы Ң С А С Қ А Л А Қ Т А У Ы

Барлық спектакльдерге театр кассасында күндізгі сағат 2-ден кешкі сағат 9-ға дейін алдын-ала билеттер сатылады.

3-83 телефон арқылы.

Коллективтерден заявқалар қабылданады.

Спектакльдер кешкі сағат 8-30-да, күндіз сағат 12-де басталады.

айтқан болатынымын. Менің пікірім бұгін де осындай».

Бірақ Мендес Франс бұдан кейін былай деп мәлімдеді: «үміт пен сенімнің арасында әлі өтуге тура келетін алшақтық бар», сондықтан үкімет «кездей соқ жағдайдың қандайына болса да қарсы тұра алатын болу үшін барлық шараны мезгілінде қарастыруға» тиіс.

Мендес -Франс соның өзінде және былай деді: егер 20 июльге дейін соғыс қыймылдарын тоқтату туралы келісімге қол жетпеген күнде, Француз үкіметі

Гватемала әскери тобының демократияға қарсы шаралары

НЬЮ-ЙОРК, 7 июль. (СОТА). «Нью-Йорк Таймс» газеті бүгін Гватемалада әскери топтың демократияға қарсы бағыттанған жаңа шарасы туралы хабарлады. Газеттің хабарына қарағанда, бұл топ сауатсыз адамдарды сайлау правосынан айыратын декрет жариялаған.

Жұртқа мәлім, Гватемалада халықтың 70 проценттен астамы, яғни халықтың негізгі бұқарасы мүлде сауатсыз. Оларға

ша күнтер онан әрі күресу үшін қажет болар еді». «Демек, кезіргі уақытқа бұл проблеманы шешуге мүмкіндік беретін бірдей- бір әдіс,—деді ол бұдан кейін,—мынада болып отыр: Қыйыр Шығысқа бас резерв құрамаларын жіберу керек, мұны құруға бұрынғы үкімет осы мақсатпен шаралар қолданған болатын. Бұл құрамаларда заң негізінде соғыс қызметін атқарушы әскери қызметшілер бар, басқа сөзбен айтқанда, әңгіме тұрақты әскерлер туралы болып отыр».

дауыс правосы 1945 жылы берілген болатын. Әскери диктатура тәртібінің басшылары кезір оларды бұл праводан айырып, соның нәтижесінде монополияларының тілалғыш қол шоқпары екенін кәзірдің өзінде -ақ көрсетіп алған, жаңа әскери топқа күшті наразылық көрсетіп отырған халық бұқарасынан өздерінің қорқатынын мойындауда.

Гватемалада әскери хунттарының арасындағы алауыздық

НЬЮ-ЙОРК, 8 июль. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісі Гватемала қаласынан әскери хунттардың арасындағы алауыздықтар туралы хабарлайды. «Кастильо Армас,—деп жазады тілші,—басқа жаңа әскери хунттар тарапынан толық ынтымақ кездестіре алмай отыр». «Нью-

Йорк геральд трибюн» газетінің тілшісі Вигартаның хабарына қарағанда Кастильо Армастың жақтастары уақытша президент Монсон мен Армастың арасында соқтығыстар болуы мүмкін деген пікірлер айтады. Тілшінің сөзі бойынша, армия ішінде бақайшағына дейін қаруланған Армастың жақтастарының разы еместігі бар.

ИНДОНЕЗИЯ БАСПАСӨЗІ СИНГАПУРДЕГІ СОҒЫС КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ДЖАКАРТА, 8 июль. (СОТА). Индонезия газеттері АҚШ, Англия, Франция және Австралия қарулы күштері өкілдерінің Сингапурдегі құпия кеңесіне зор назар аударуда. Газеттер бұл соғыс кеңесінің Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессиялық блок

құруға бағытталған АҚШ-тың жалпы жоспарымен байланысты екендігін және Сингапурде Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын мүқият талданып жатқандығын атап көрсетеді.

де, бүгін Шығыс Индонезияда Индонезия премьер-министрі Неру қатысқан жаңа су жүйесінің салтанатты ашылуы болған. Бағ құрылыстары үлкен пловина және ұзындығы 65 километрге жететін Мангал магистралды каналы болып табылатын жаңа суару жүйесі Сатледж өзенінің суын Шығыс Пенджабтың және көрші штаттардың құрғақтылығын аудандарына береді. Каналда екі су электр станциясы салынады.

Индия баспасөзі суару жүйесі құрылысының шетелдің көмегісіз Индия инженерлерінің басшылығымен жүзеге асырылғандығын және оның белгіленген мерзімнен бір жыл бұрын аяқталғандығын атап көрсетеді.

ИРАНДАҒЫ ПОЛИЦЕЙЛІК ТЕРРОР

ТЕГЕРАН, 8 июль. (СОТА). «Дад» газетінің хабарына қарағанда, «соңғы күндерде халықтық партияның 60 белсенді басшылары тұтқынға алынған». Тұтқынға алынғандар «халықтық партиядан шыққаны туралы міндеттемеге қол қойдан бастарқандықтан», олар Харек арлына (Перция шығанағына) жер аударылады.

АМЕРИКАН СОЛДАТТАРЫ ТАЙЛАНДТА

ДЕЛІ, 8 июль. (СОТА). Мұнда алынған хабарларға қарағанда, Удонда, елдің солтүстік-шығысында американдық солдаттарының үлкен тобы пайда болған. Олар самолеттер арқылы жеткізілген делінеді.

ЦЕЙЛОННЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ АЛДАҒЫ УАҚИТТА АҚШ-қа БАРАТЫН САПАРЫ

НЬЮ-ЙОРК, 8 июль. (СОТА). Нью-Йорк радиосының хабарына қарағанда, Цейлон үкметі премьер-министр Коталаванян АҚШ президенті Эйзенхауэрдің декабрьде Құрама Штаттарға кел деген шақыруын қабылдағанын жариялаған.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҮРМОЛДИН.

Киноларда

УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КОТОВСКИЙ»
Сағат 4-30-да басталады.

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАЛАХОВ ҚОРҒАНЫ»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«Главмука» завод басқармасына жүк тиеушілер, үй сыпырушылар және құрылыста істеу үшін түрлі жұмысшылар керек.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үйге кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.